

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ  
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ**

**ЖЕТКІЗГЕНОВА.Ә.Т.**

**ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН  
ЖАТТЫҒУЛАР ЖИНАҒЫ**

**(СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ)**

**Ақтау - 2010**

ӨӘЖ 811. 512.1

ББК 81.2 КАЗ-923

П 65

Пікір жазғандар: ф.ғ.к. Ә.Д. Қабылов ф.ғ.к Б.Қ.Ақбердиева

Ә.Т.Жеткізгенова

Практикалық қазақ тілінен жаттығулар жинағы (сөйлем мүшелері). Әдістемелік-көмекші құрал. /Құрас.: - Ақтау, 2010. - 59 бет.

ISBN 978 -601- 226 -057-1

Қазақ тілін үйренуге септігі тиетін бұл әдістемелік құрал әртүрлі тапсырмалар мен жаттығулар орындау, мәтіндерді аудару, өз бетімен сөйлем құрастыру, мәтіндерді аудару, мақал-мәтелдермен жұмыс жасау, сөздіктерді пайдалана білуге үйрету негізінде құрастырылды.

Бұл еңбек жоғары оқу орындарының барлық мамандықтарында оқитын бастауыш топ студенттеріне қазақ тілін оқытуға, үйретуге арналып жазылған.

Әдістемелік құрал оқытушыларға, студенттерге және барлық тіл үйренушілерге қосымша көмекшілік қызмет атқарады.

ББК 81.2 Каз-923

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды.

ISBN 978-601-226-057-1

©Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2010

## АЛҒЫ СӨЗ

Синтаксистік талдау студенттерді дұрыс сөйлеуге дағдыландырып, ойын көркем тілмен жеткізуге, тілін дамытуға үйретеді. Сонымен қатар, сөйлем түрлерімен сөйлем мүшелеріне қарай талдауды жетілдіре түсетіні айқын. Синтаксистік талдауды шеберлікпен жүргізе білу – студенттерге қазақ тілінен сапалы да тиянақты білім берудің қайнар көзінің бірі.

Еңбекте мәтіндер таңдалып алынады. Мәтіндер қазақтың ұлттық наным-сенімі, қазақтың ұлы адамдарына қатысты жинақталған. Сондай-ақ, басым көпшілігі ертегілерді құрайды. Мәтінге қатысты тапсырмаларды орындау барысында студент өз білімін тексере алады. Сонымен қатар, үйренушілердің ой-өрісін кеңейтуге мүмкіндік беретін қосымша тапсырмалар ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдері толық аудармасымен қарастырылған.

Оқу-әдістемелік құралының мақсаты-өзге ұлт студенттерін қазақ мемлекеттік тілде сауатты жазуға және мәдениетті сөйлеуге үйрету, дұрыс оқу, оқығанын жүйелі түрде айтуға жаттықтыру.

Міндеті:

- студенттердің грамматикалық материалдарды қосымша жаттығулар арқылы терең меңгеруіне жол ашу;
- берілген мәтіндер, яғни ертегілер бойынша студенттің өз түсінік-пікірін жеткізе білуін қадағалау;
- қазақтың ұлттық наным-сеніміне қатысты деректер арқылы студенттердің танымдық өрісін кеңейту;
- студенттерге мақал-мәтелдермен жұмыс жасату барысында жекелеген мақал-мәтелдердің баламасын беріп отыру;

# I

## Менің Қазақстаным

Қазақстан Республикасының жері – кең байтақ.

Оның асқар таулары мен айдын көлдері, жайқалған орманы, жасыл жайлауы бар. Жер астында табиғи байлық орасан зор деуге болады. Сондықтан біз оны шексіз сүйеміз.

Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы. Ол еліміздің бас қаласы. Қазақстанда көптеген әсем қалалар бар. Алматы – Республикамыздың өндіріс, ғылым және мәдениет орталығы. Алматы – өте әдемі қала.

## Қазақстан туы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы – тік бұрышты көгілдір мата. Тудың ортасында шұғылалы күнді орналастырған. Оның астында қалықтап ұшқан қыран құс бейнеленген. Шұғылалы күн мен қыран құс бейнесі алтын түсті бояумен берілген. Матаның сол жағында алтын түсті ұлттық өрнекті тік жолақ бар. Тудың ені – 1 метр, ұзындығы – 2 метр.

Мемлекеттік рәміздердің болмысын, мағынасын жақсы білу – бәріміздің, әсіресе, жас ұрпақтың парызы.

Мемлекеттік ту – мемлекетке тән ресми белгілердің бірі. Мемлекеттік ту мемлекеттік мекеме үйлерінде, шетелдегі елшіліктер мен консульдықтарда, кемелерде, т.б. жерлерде көтерілетін арнаулы белгі.

Мемлекеттік тудың түсі, көлемі, оның өзіне тән белгілері конституцияда белгіленеді немесе басқа заңмен бекітіледі.

Тудың біркелкі көгілдір түсі бірігу идеясын, бейбітшілікті, тыныштық пен жарқын болашақты білдіреді. Өрнек – халық өнерінің көрсеткіші. Ерте кезде халықтар ою-өрнек жамандықтан қорғап жүреді деп есептеген.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының авторы – суретші Шәкен Ниязбеков. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туы өзінің көркемділігімен дүние жүзі туларының арасында төртінші орынға ие болып отыр.

## Елтаңбасы елімнің

Елтаңбасы елімнің  
Неткен әйбат, әдемі!  
Тұнығындай көңілдің  
Ортада аспан әлемі.

Құт, береке, шаңырақ,  
Орын алған ол төрден.  
Қанатты қос арғымақ  
Екі жақтан көмкерген.

Тәуелсіздік жолында  
Талай-талай тер тамған...  
Билігім өз қолымда,  
Еркіндігім – Елтаңбам.

(С.Қалиұлы)

## Қазағым менің

Арайлап таңым, асқақтап тауым,  
Ән ойнап көгім, күй тартты елім.  
Қол жетті, міне, аңсаған күнге,  
Жасай бер, жаса, қазағым менің.

Қазақстаным – жасыл орманым,  
Қуанышымды жасыра алмадым.  
Аңсаған бабам, аңсаған елім!  
Бостандық еді-ау асыл арманың.

*Қайырмасы:*

Елім менің, аңсаған  
Тас бұғаудан босаған.  
Құтты болсын отауың,  
Берік болсын босаған.

Бабамның қаны, анамның жасы,  
Сінген бұл далам, қымбатсың маған.  
Береке – бірлік қамалдың басы,  
Ұрпаққа мәңгі тіл қатшы, далам.

Күйінсін жауың, сүйінсін досың,  
Жиылсын қауым, құйылсын көшің.  
Ертеңің үшін аянба, ерім,  
Ояншы, елім, жиылсын есің.

*Қайырмасы:*

Ұрпақ үшін, ел үшін,  
Атамекен жер үшін.  
Берекең мен бірлігің,  
Таси берсін ырысың!

## Қазақ тілі – мемлекеттік тіл

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Ол өзінің сан ғасырлық дамуы барысында рулық тіл дәуірін де, тайпалық тіл дәуірін де, халықтық тіл дәуірін де басынан кешірді. Бұл кезеңдерде ол қазақ халқының күнделікті пікір алысу қажетін өтеп отырумен қатар, оның рухани байлығы – ауыз әдебиетін атадан балаға мұра етіп сақтап келді.

1989 жылы қыркүйектің 22-сі күні «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заң қабылданып, қазақ тілі Қазақстан республикасының мемлекеттік тіл статусына (мәртебесіне) ие болды. Кейін 1993 жылы қаңтардың 28-і күні бұл статус Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясында тұрақталып, бекітілді.

1997 жылы Тіл Заңы Парламентте қайтадан талқыланып, ол Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілді. Бұл Жарлық қазақ тілінің мемлекеттік статусын сақтады. Сол 1997 жылы шілденің 7-сі күні жаңа «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңы қабылданды. Бұл заң бойынша қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, қазақ халқының ұлттық тілін дамыту мақсатымен Республикада «Тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасы» жасақталды. Республикамызда қазақ тілі мәртебесін тұрақтандыру мақсатымен көптеген игі істер атқарылуда.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1998 жылғы қаңтардың 20-сы күнгі Жарлығына сай жыл сайын қыркүйектің 22-сі күні – «Қазақстан халықтарының тілдері күні» ретінде республика көлемінде аталып өтіле бастады. Осы жылдан бастап еліміздің барлық елді мекендерінде, ел ордасы Астанада, тіл мерекесі апталықтарын, әр түрлі шараларды өткізу дәстүрге айналды. Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі басшылығымен жыл сайын қыркүйек айының 21-27-сі күндері Астанада көркем шығармаларды мәнерлеп оқудан көрнекті жазушы Оралхан Бөкеев атындағы Республикалық байқау өткізіліп жүр. Мемлекеттік тіл құдіретін тұғырына қондырудағы игі істер жалғасын табуда.

## **«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТІЛДЕР ТУРАЛЫ» ЗАҢНАН ҮЗІНДІЛЕР**

### **4-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар:

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның жалықаралық беделін нығайтуға;

Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға;

Қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамыту үшін көмек көрсетуге міндетті.

### **Кең байтақ Қазақстаным**

Тәуелсіздік алған Қазақстан таңғажайып табиғаты бар, қызықғы мен құпиясы мол ел, жер ретінде туристерге күннен күнге тартымды бола түсуде. Оның ауқымды аймақтарындағы тек өзіне ғана тән алуан түрлі ерекшеліктері, тарихи және мәдени ескерткіштері көптеген уақыт назардан тыс қалып, сырын ішіне бүгіп келді. Қазақстанда туризмге лайықты жерлер аз емес. Олар шартты түрде Батыс, Шығыс, Оңтүстік, Солтүстік, Орталық Қазақстан мен Алматы және оның айналасы деп бірнеше аймаққа бөлінеді. Бұл аймақтардың әрқайсысында өзіне тән табиғи және тарихи көрнекті жерлері бар.

**Батыс Қазақстан** - Еуропа мен Азияның түйіскен жерінде орын тепкен. Каспий теңізі, Жайық өзені, Маңғыстау шығанағы осы аймақта. Мұнда көне дәуірлік қалалардың орындары, қорғандар, археологиялық ескерткіштер өте көп кездеседі. Ежелгі Хорезмге, Иранға баратын сауда жолдары осы аймақ арқылы өткен. Өлкенің жер асты байлықтары да өте мол, әсіресе мұнай өндіріс орындарының аттары жылдан жылға дүние жүзіне тарауда. Бұл жер- Әйтеке би мен Сырым батыр, Исатай мен Махамбет, Құрманғазы мен Дина, Әлия мен Мәншүк, тағы басқа атағы қазақ елінен де тыс тараған адамдарды дүниеге әкелген жер.

**Солтүстік Қазақстан** – республиканың ең басты астықты өлкесі. Мұнда дәнді дақылдық егіс, ірі қара мен шошқа өсіру топтасқан. Бұл жерде темір мен асбест өндіріледі. Атақты Сарыарқа, жер сұлуы Көкше мен Баянауыл да осы аймақта. Өлке тарихы Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Қаныш Сәтбаев, Біржан, Ақан, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса сияқты ұлы есімдермен байланысып жатады. Бұл өңірде Жасыбай, Олжабай, Жәнібек, Едіге батырлар туған. Олар елі, жері үшін жаулармен жан аямай шайқасқан.

**Орталық Қазақстанның** кен орындары әлемге әйгілі. Қарағанды мен Жезқазған ірі қалалары осы аймақта. Әсіресе, Қарқаралы таулары, Шайтанкөл, оның айналасындағы көлдер әсем табиғатымен жер-су атауларына байланысты түрлі аңыздарымен қызықтырады.

**Шығыс Қазақстан** түрлі металл және су қуатынан электр өндірумен ерекшеленеді. Кенді Алтай осы аймақта. Ашық аспан астында жатқан сирек кездесетін минералдардың табиғи мұражайына жиі ұшырасасыз. Бұл жерде көне дәуірлерде, бұдан төрт мың жылдан астам уақыт бұрын-ақ металл өндіріле бастаған. Ол кезде шуд деген халық тұрған екен деген аңыз бар, бірақ бұл халықтың қайда кеткені белгісіз. Ал олардың металл өндірген жерлері осы кезге дейін сақталған.

Марқакөл бастаған сан алуан әсем көлдер, сынғырлаған сырлы бұлақтар мен үңгірлер, ел мен ердің, мұң мен махаббаттың құпияларын қойнына тыққан күмбездер мен қорғандар баршылық. Солардың бірі – Еңлік пен Кебектің күмбезі. Ертісті бойлаған жол Зайсан көліне келіп тіреледі, ал одан әрі кәрі Алтайдың мұз басқан шыңдары мен тау қойнауларындағы мөлдір көлдері қол созым жерде. Өлке тарихы ұлы Абайдың, Шәкәрімнің, Мұхтардың, Федор Достоевскийдің, тағы басқа да атақты адамдардың есімімен сабақтасып жатады.

**Оңтүстік Қазақстан.** Бұл аймақ Жоңғар жотасына, Балқаштан Алатау, Қаратауларға дейін созылып жатыр. Шығыс және оңтүстік шеттерінде көптеген археологиялық ескерткіштердің сырын қойнауларына тыққан Тянь-Шань тауы бар. Аймақтың Қызылорда, Шымкент, Тараз сияқты ірі қалалары-облыс орталықтары. Алматы-оңтүстіктегі ғылым мен мәдениет ордасы. Қызылорда (бұрынғы Ақмешіт) қаласы Сібірден Бұқара мен Ташкентке жалғасқан көне сауда жолының қиылысында тұр. Ескі Жетісар, Жаркент, Жаңақорған қалаларының орындары тарихтың көптеген сырларын бүгіп жатыр.

Шымкент қаласы Қытайдан басталып Орта Азияның кесіп өтетін атақты Жібек жолының бойында пайда болған. Ежелгі Сайрам (Исфиджаб) қаласының қалдығы осы күнге дейін сақталған. Арыстанбап, Қарашаш ана, Домалақ ана сияқты көптеген атақты адамдардың мазарлары осы жерде. Солардың ішіндегі ең көрнектісі, дүние жүзіне әйгілісі, құрылысы Ақсақ Темір билігі кезінде басталған Қожа Ахмет Яссауидің күмбезі. Дүние жүзіндегі ең атақты Александрия мен Карфаген кітапханасынан қалыспайтын кітапханасы бар Отырардың да (Фараб) орны осы маңда. Әлемнің екінші ұстазы атанған ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби осы қалада туып өскен. Бұл өлкеде табиғаттың құнды ескерткіші Ақсу-Жабағылы қорығы бар. Ол ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша аса маңызды табиғат байлығы жер ретінде есепке алынған.

Бір кездерде Яны, Тараз, Әулиеата атанған Жамбыл облысы орталығының іргесі бұдан 2000 жылдай бұрын қаланған. Кеңес дәуірінде Жамбыл қаласы аталған атау Таразға ауыстырылды. Мұндағы Қарахан мен Шамансұр, Айша бибі мен Баба қатын күмбездері көне дүние көзіндегі көпшілікті өзіне тартып тұрады. Ұлы Жібек жолының сан тармағы осы жерден жан-жаққа қанат жаяды.

Алматы облысында сақтар кезеңінің қорғандары сақталып, солардың бірінен (Есік маңындағы) Алтын адам мазары табылды. Шөлден басталып қарлы шыңмен аяқталатын сапар қашанда қызықты. Қапшағайдан Іле Алатауына дейінгі осы небәрі 100 шақырымдық сапарға қатыссаң, қысқа мерзім ішінде ауа райы бір-біріне ұқсамайтын төрт белдеуден өтесің. Осы жерлерде арғы аталарымыз ғұндар, сақтар, үйсіндер, қыпшақ мәдениеті мен тұрмысы жайлы тау шатқалындағы таңбалы тастар сыр шертеді.

Талдықорған жерінде археологтар тарапынан аз зерттелген жоңғар жоталар баршылық. Мұнда Шоқан Уәлиханов өмір сүріп, қаза болған жерлерге салынған туристік сілем бар. Ол Шоқанның мұражайы мен ескерткішіне барып тіреледі. Осы маңда Алтынемел ұлттық табиғи паркі құрылған.

Оңтүстік Қазақстан өлкесінің тарихы Қорқыт, Әбу Насыр Әл-Фараби, Жамбыл, Ілияс Жансүгіров, Райымбек батыр, Бауыржан Момышұлы, генерал И.В.Панфилов, Мұқағали Мақатаев, Нұрғиса Тілендиев, Шәмші Қалдаяқов сияқты атақты адамдар ғана емес, Алматы бұрынғы республика астанасы болғандықтан, Қазақстанның соңғы кездегі ұлы есімдерінің бәрімен ұштасып жатты.

### **Қазақстан қалалары**

**Алматы** – алғаш сақ, кейіннен үйсін тайпаларының мекені болған, орта ғасырларда салына бастаған қала. Қазақстан Ресейдің қол астына қарағаннан кейін Алматы тұрған жерге 1854 жылы «Верный» деген бекініс салынып, Алматы Верный деп аталып кетті. Ол 1867 жылы Жетісу әкімшілігінің орталығы болды. 1921 жылы наурыз айының 14-і күні қалаға бұрынғы Алматы аты қайта берілді. Алматы – 1939 жылғы желтоқман айының 5-і күнінен бері Республикамыздың астанасы болды. Бүгінгі күні Алматы – ғылым мен өнер, өндіріс пен демалыс орталығы.

**Ақтөбе қаласы** – 1869 жылы әскери бекініс ретінде салынған қала. Кейін 1891 жылдан бері Торғай облысындағы уездік қала болды. Ал 1932 жылы наурыз айының 10-ы күнінен бастап облыс орталығына айналды. Ол – Ақтөбе – Алматы – Мәскеу магистраліндегі Қазақ темір жолының Ақтөбе бөлімшесі орналасқан ірі станция, автомобиль және әуе жолдарының торабы, ірі өндіріс орталығы. Онда жергілікті кен орнына негізделген дүние жүзіне әйгілі ферресплав және хромит қоспаларының зауыттары, рентген аппараттарын және ауыл шаруашылығы машиналарын жасап шығаратын зауыттар бар. Ақтөбе қаласы – облыс орталығы. Ақтөбе облысы – мал, егін шаруашылығы жақсы дамыған қазба байлықтарға өте бай өлке.

**Атырау** – Қазақстандағы ескі қалалардың бірі. Оның іргесі 1640 жылы қаланды. Қаланың Гурьев аталуы орыс көпесі Михаил Гурьевтің есімімен байланысты. Ол 1640 жылы өз туыстарымен Жайық бойына көшіп келіп, балық аулау кәсіпшілігін ашқан.



Атырау – мұнай өндіру, балық аулау, химия өнеркәсібі, машина жасау және металл өндіру, құрылыс материалдарын өндіру жағынан өте дамыған өңір. Атырау қаласы – облыс орталығы. Облыстың Мақат, Доссор, Қосшағыл, Құлсары, т.б. мұнай өндірістерін дүние жүзі біледі.

Атырау алқабы мәдени ескерткіштерге өте бай. Хан ордасы Сарайшық кесенесі салынды. Күй атасы Құрманғазы, Дина Нұрпейісова осы елден шыққан. 1995 жылы қаланың гурьев аты Атырау болып өзгерді.

Ежелгі Каспий теңізінің құмды жайдақ жағалауында ажар көркі бөлек таңғажайып қала тұр. Ол – **Ақтау қаласы**.

Маңғыстау облысының орталығы Ақтау қаласы – көне мен жаңаның тоғысқан жерінде дүниеге келген қала. Ол орталық қана емес, жаңарған жарты аралдың астанасығ Ақмаржан таспен өрілген, қазіргі архитектуралық жетістіктер негізінде салынған көп қабатты тұрғын үйлер мен өндіріс орталықтарының әр қабырға тасында әр түрлі ұлттар мен ұлыстардың қолтаңбасы жатыр. Қала бүгінде олар үшін құтты мекен қонысқа айналған. Достығы жарасқан осы ұлттар қауымдастығы қысқа мерзім ішінде Маңғыстау топырағында аса ірі аумақтық өнеркәсіп кешенін тұрғызды.

Жаңа қаланың салқын саялы бақтары мен балалардың спорт алаңдары, жайқалған жасыл терек, қайыңдар, әсем түзу көшелер, теңіз жағалауындағы демалыс орындары сән-салтанатын келтіріп тұр.

Қаланың өмір тарихы 1963 жылдан басталады. Алғашқы шағын Ақтау кенті тез арада әсем ақ қалаға айналып кетті. Бүгінгі күні ол барлық жарты аралдың соғып тұрған жүрегі – тыныс тіршілігі. Шетелдіктер Ақтауды ХХІ ғасыр қаласы деп атайды. Қала тұрғындары әлемде тұңғыш рет теңіз суын өзінің тұрмыс-тіршілігінің негізгі көзіне айналдырды. Атом қуаты алғаш рет осы қалада бейбіт мақсатқа қызмет ете бастады. Шапшаң нейтронды БН-350 атом реакторының күшімен теңіз суы тұщытылып, қала тұрғындарына су, жарық және жылу берілді.

Ақтау – республикамыздың дара теңіз қақпасы. Өуе жолдары қаланы еліміздің көптеген қалаларымен, ТМД және Түркия, Араб Эмиратымен байланыстырып тұрады.

**Көкшетау** қазақшаға аударғанда көгілдір таулар. Ол мемлекетіміздің ең көрікті жері болып саналады. Көкшетау жерінің батысын Есіл өзені кесіп өтеді.

Көкшетау жері тұщы және ащы суы бар көлдерге бай. Бұл өңірде сауықтыру орындарын салуға мүмкіндік берді. Бәрінен Бурабай курорты ерекше дараланады. Ертеден бұл өңір ақындар, сазгерлер, әншілер мен жазушылар Отаны болып табылады. Бұл жерде өзінің қайталанбас өнерімен адамдарды қуантып ақын-импровизатор Біржан Қожамқұлов тұрған. ХХІ ғасырда Көкшетауда алғашқы қазақ ғалымы, географ, жиһанкез Шоқан Уәлиханов туған.

ХХ ғасырдың елуінші жылдарындағы тың жерлерді игеру облыстың экономикасы мен мәдениетінің едәуір дамуына, өркендеуіне әсер етті. Сол жылдары 3 млн гектардан астам жер игеріліп, 50 өнеркәсіп мекемелері іске қосылды. Олар: тоқыма және галантерея фабрикалары, ыдыс-аяқ шығаратын, бірлескен темір өндіру зауыттары т.б. Көкшетау жерінен мемлекетіміз әр түрлі темір түрлерін темір, доломит, каолин т.б. өндіріп алды.

**Қарағанды** қаласының 150 жылдай тарихы бар. 1833 жылы қазақ жігіті Аппак Байжанов қараған бұтасы көп өскен жердегі суыр інінің жанынан тас көмір тауып алады. Содан бері сол жер «Қарағанды» аталып келеді. Кейіннен бұл жердің иесі Өтепов деген бай қазіргі Қарағанды атырабын Никон Ушаков деген орыс кәсіпкеріне 250 сомға жатады. Кеңес кезеңінің 1930 жылдары Қарағанды өнеркәсіпті қалаға айналып, 1936 жылы облыс орталығы болды. Қазіргі кезде Қарағанды қаласында ірі көмір бассейні бар. Қарағанды Қазақстандағы ірі ғылыми және мәдени орталықтарының бірі.

**Қостанай** аңызға сенетін болсақ, Тобыл өзенінің жарқабағында жерленген апалы-сіңлілі Қоз бен Танайдың есімімен аталған жер екен. Бүгінгі күні ол қала мен облыстың атын береді. Қостанай облысы елдің ең үлкен астықты ауданы болып саналады. Бұл аймақ республика бойынша егіннің 18 пайызын, ет пен сүттің 13 пайызын береді. Қостанай жері пайдалы қазбаларға бай. Қостанай жері пайдалы қазбаларға: темір, көмір, асбест кендеріне бай.

Бұл облыс ТМД мен шет елдердегі серіктестерін өндірістік өніммен қамтамасыз етеді. Бүгінгі күні Қостанай фабрикасының сауда маркасы бар шоколад пен мармелад үлкен сұраныс тауып, өзінің бәсекеге қабілетті екенін дәлелдеді. Қазіргі кезде темір кенін өндіруді көтеруге және кеңейтуге ықпал ететін шаралар кезекте тұр.

**Қызылорда (Ақмешіт)** – Қазақстанның оңтүстік бөлігіндегі ірі қала. Ол Сырдария өзенінің оң жағында, яғни төменгі ағысында орналасқан. Қызылорда қаласы 1853 жылға дейін Ақмешіт аталып, қоқандық шағын қамал болды. Орыс әскерлері келгеннен кейін оған Перовск деген ат берілді. Кеңес үкіметі қаланы 1925 жылы Қазақ АССР-ының астанасы болуына орай Қызылорда деп аталды. Кеңес дәуірі кезінде Қызылорда облысында ауыл шаруашылығы мен балық өнімдерін өндіру жолға қойылды. Қызылорданың атын ақ маржан күріші мен қауын-қарбызы дүние жүзіне танытты.

**Орал қаласының** негізі 1613 жылы қаланды. Бұдан бірнеше мың жыл бұрын Орал қаласының орны скиф, гот, овар, печенег және қыпшақ көшпелі тайпаларының мекені болды. Орал қаласы – Саратов – Елек темір жолындағы, Жайық бойындағы ірі темір жол станциясы, Жайық өзен порты мен әуе жолының торабы. Орыстар Жайық бойына XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың бас кезінде келе бастады. Олар 1850 жылы Жайық бойымен жоғары көтеріліп, Ноғай хандығының астанасы Сарайшық қаласын талан-таражға салып, Жайық бойына біржола қоныс тепті. Қазір Оралда машина жасау, метал өндіру, құрылыс материалдарын өңдеу т.б. сияқты толып жатқан өндіріс орындары, мәдениет орталықтары бар. Бұл қалада орыстың әйгілі ақын, жазушылары, саяхатшылары көп болған. Ол туралы облыстық мұражайда дерек көп.

**Өскемен қаласы** – Шығыс Қазақстан облысының орталығы. Өскемен қаласының іргесі 1820 жылы Семей облысына қарайтын уездік қала болып белгіленді. 1939 жылы ол Шығыс Қазақстан облысының орталығы болып бекіді. Мұнда өнеркәсіп орындарынан қорғасын-мырыш, титан-магний комбинаты, Өскемен су электр станциясы т.б. бар.

Қалада мәдениет сарайы, Жамбыл атындағы театр сияқты мәдени орындар көптеп саналады.

**Петропавл (Қызылжар)** – Солтүстік Қазақстан облысының орталығы, ірі темір жол станциясы, автомобиль, әуе, өзен жол торабы. Петропавл Новоишим шекаралық шебінің Есіл өзенімен қиылысатын жерінде Петр мен Павелдің бекінісі ретінде салынған. Ол 1807 жылдан қала деп атала бастады. Петропавл 1838 жылы Есіл округінің, 1868 жылы Ақмола облысының құрамына енді. Петропавл Сібір және Түркістан (Ақмола, Ташкент арқылы өтетін) сауда жолдарында орналасқан. Ол Ресей мен Орта Азия хандықтарының сауда қатынасының орталығы болды. Қазір Петропавл – астықты аймақтың орталығы.

**Семей қаласы** – Ертіс өзенінің екі жағына орналасқан. Семейдің тұрған жері ерте замандардан бастап ежелгі тайпаларға тұрақ болған. Бұл елді мекен қола дәуірінен бері белгілі. Одан кейінгі дәуірлерде мұнда хундар, түркі қағандығы, қыпшақ, керей, найман ұлыстары тіршілік етіп келді. Ғалымдардың айтуынша, 1600 жылдары Семейде жеті шатыр (семь палат) тұрғызылған. 1718 жылы Ресейден Чередов деген адам Семей қамалын жаңадан тұрғызуға жіберілген. Сол жылдың өзінде-ақ Семей бекінісінің іргесі қаланды. 1782 жылдан ол уездік қала болған. Кеңес үкіметі кезінде бұл өлкеде халық шаруашылығы өркен жайды. 1934 жылы Семейде ет-консерві комбинаты, 1935 жылы жүн өңдеу фабрикасы т.б. өндіріс орындары жұмыс істей бастады.

Семей қаласы – ұлы ақын Абай, данышпан жазушы Мұхтар Әуезов білім алған қала. Бұл ХІХ ғасырдың 50 жылдарында Ш.Уәлиханов әскери қызметте болған жер. Семей қаласының тарихы шежіреге өте бай.

**Тараз қаласы** – Жамбыл облысының орталығы. Ұлы Жібек жолында тұрған Таразда Х-ХІ ғасырларды сәулет өнерінің бірнеше үлгілері тұрғызылды. Бұлардың ішіндегі ең ірілері: Қарахан мазары мен қалаға жақын тұрғызылған Айша бибі күмбезі, Бабашахатун кесенесі. Қазақстан мен Орта Азия моншаларының бірі – Тараз моншасы. Археологиялық қазбалар жүргізу жұмысы кезінде Тараз қаласынан күні бүгінге дейін ұш ыдыстар, т.б. металл бұйымдар көптеп табылуда. Кеңестік дәуірге дейін Әулиеата атанған қала 1938 жылы қазақтың халық ақыны Жамбылдың құрметіне Жамбыл есімімен аталды.

Тәуелсіз Қазақстан тарихына 1996 жылы Жамбыл аты өзгертіліп, ежелгі Тараз аты қайта берілді.

**Шымкент** – Қазақстанның оңтүстігіндегі тоғыз жолдың торабына (көп жол түйіскен жерде) орналасқан қала, облыс орталығы. Ол халқының саны, нарықтық маңызы жағынан Алматы мен Қарағандыдан кейін үшінші орындағы ірі қалау Шымкент қаласы ХІІ ғасырда Жетісу мен Қытайға баратын жібек жолының бойында салынған. Ол Қоқан хандығының, жоңғарлардың шапқыншылықтарына жиі ұшырады. 1864 жылы Қоқан хандығы құрамынан бөлініп шығып, басқа қазақ жерлерімен бірге патшалық Ресейдің қол астына қарады.

Шымкенттің басты кәсіпорындары – қорғасын, ұста-пресс жабдықтары және химия-фармацевтік зауыттары бүкіл Республикамызға белгілі. Шымкентте жеңіл өнеркәсіп те жақсы дамып, мәдени-ағарту ошақтары да ойдағыдай өркендеген.

## **Как учить язык**

Ничто на свете не связано с человеком так прочно, как язык. Нет на свете лучшего средства общения. Чем лучше ты владеешь языком, тем больше у тебя права называться человеком.

Благодаря языку ты встречаешься с великим množеством новых людей, а не только с теми, кого видишь каждый день. Благодаря языку у тебя появляются друзья в дальних странах и даже в отдаленных временах. Множество самых замечательных людей всех стран и всех времен жаждут с тобой познакомиться, если только ты знаешь язык, который приведет тебя к ним. Всегда запомни, новый язык стоит учить потому, что он проложит тебе дорогу к другим людям. Если знаешь язык то знаешь, как живут другие люди, о чем думают, а заодно узнаешь что то новое о себе.

Ты можешь научиться чужому языку..., ты знаешь свой родной язык. А раз ты мог научиться своему родному языку, значит, можешь научиться и любому другому стоит только по настоящими захотеть. Не бывает так, чтобы человек был способен выучит свой родной язык, а другим языкам научиться не способен. Всеми языками ведаёт одна и та же часть мозга. Так что остается только выбрать, какой язык учить.

Как его выбирать? Лучше всего, пожалуй, запомнить вот что выбирая язык, ты тем самым выбираешь народ, который на нем говорить. С каким народом мира тебе интереснее всего которые говорят с тобой на твоём родном языке?

Все народы интересны, каждый по-своему, и глупо было бы гадать, какой из них самый замечательный... Постарайся разобраться, чем ты больше всего увлекаешься, и учи такие языки, которые тебе что-то дадут в этом смысле. А если тебя занимают языки сами по себе, тогда тебе будет интересно учить любой язык.

Франклин Фолсом («Книга о языке»)

## **Тіл үйрену ерекшеліктері**

Кейбір тілдерді оқып, жазып үйрену жеңіл болсағ кей тілдерді үйрену қиынырақ. Мысалы, испан, венгр тілдерінің орфографиясы өте жеңіл. Ағылшын, француз тілдері олай емес. Ал қытай жазуы тіпті қиын, ондықтан, алдымен қытайша сөйлесуді үйренеді, кейін жазуын меңгереді.

Араб-американ қызметкерлері былай деп ескертеді: «Сыпайы араб тіліне» 50 сынып сағаты жеткілікті, яғни осы уақыт ішінде әрбәр тәрбиелі, мәдениетті адамға қажетті жаңа адамдармен танысу, керекті мекен жайларды сұрау, күрделі емес сауда жасау мүмкіндіктерін игеруге болады. Ал 250 сағаттық оқу араб тілінде сөйлеумен қатар сауатты жазуға, оқуға үйретеді. Егер бұдан соң колледжде 2 жыл оқысаң, онда араб тілін жетік біліп шығасың.

Мамандар «Жаңа тілді неше жастан бастап үйренген тиімді?» деген сұраққа былай деп жауап береді: Тілді кез-келген жаста үйренуге болады. Егер оқып-үйренуді ерте бастаса, тілдің дұрыс дыбысталуын меңгеру жеңілірек болады. Олай болса неше жаста болсаң да, жаңа тілді үйренуді осы сәттен бастауыңа болады.

Франклин Фолсом

## **Сен білесің бе?**

Дүние жүзінде ең көп тараған қай тіл дегенде біреулер ағылшын тілі десе, біреулер қытай тілі деп жауап береді. Бұл екі пікірдің қайсысы дұрыс? Бірінші орынды сөз жоқ, ағылшын тілі алады, өйткені ол дүние жүзіндегі ең көп тараған

халықаралық тіл болып табылады. Ал, егер бір тілде сөйлеушілердің саны бойынша анықтасақ, ағылшын тілі екінші орында. Америка Құрама штаттарының лингвистика институтының жуырда жүргізген зерттеулерінің нәтижесі бойынша сол бір тілде сөйлейтіндердің саны бойынша ең көп тараған тіл – қытай тілі; бұл тілде 844 миллион адам сөйлейді. Ағылшын тілінде – 437 миллион адам, хинди тілінде, – 38 миллион адам, –331 миллион адам сөйлейді екен.

Бір тілде сөйлеушілердің саны 100 миллионнан асатын тілдер де бар. Олар: араб тілі – 192 миллион адам, бенгал тілі –181 миллион адам, португал тілі – 171 миллион адам, малай тілі – 138 миллион адам, жапон тілі – 124 миллион адам. Француз және неміс тілдерінде тиісінше 119 миллион және 117 миллион адам сөйлейді екен.

## II

### Сөйлем мүшелері. Бастауыш.

**Сөйлем мүшесі** – белгілі бір сұраққа жауап беретін, толық мағыналы бір сөз, сөз тіркесі не күрделі сөз.

Сөйлем мүшелерінің сөйлемдегі мағынасына қарай олар екі топқа бөлінеді:

– **тұрлаулы** (бастауыш, баяндауыш) – сөйлем құруға негіз болатын бас мүшелер, сөйлем атаулының грамматикалық ұйтқысы.

– **тұрлаусыз** (анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш) – тұрлаулы мүшелердің тәңірегіне топтап не тікелей соларды, не бірін-бірі анықтап, толықтап, пысықтап тұрады.

**Бастауыш** – сөйлемдегі ойдың иесі, тірегі, ұйтқысы. Үнемі атау септігінде тұрады. Кім? Не? Кімім? Нем? Кімнің? Нең? Кімніңіз? Неңіз? Кімі? Несі? деген сұрақтарға жауап береді. Кез келген сөз табынан жасалады. Мысалы:

1	<u>Асқар</u> қырман басына келді.	Зат есім
2	<u>Олар</u> ән айтуда..	Есімдік
3	<u>Жақсы</u> көпке ортақ.	Сын есім
4	<u>Оларға жолыққан</u> Абылай екен.	Есімше
5	<u>Адам болу</u> – борышың.	Зат есім + тұйық етістік
6	<u>Өнер ғана</u> өрісінді кеңейтеді.	Зат есім + шылау
7	<u>Шешесі</u> баласын қатты сағынып жүр.	Тәуелдік жалғаулы зат есім
8	<u>Жалқаудың ертеңі</u> бітпес.	Тәуелдік жалғаулы үстеу
9	Сенің <u>ойпырмайың</u> қашан қалады?	Тәуелдік жалғаулы одағай
10	<u>Екеуі</u> менікі, <u>біреуі</u> сенікі.	Тәуелдік жалғаулы сан есім т.б.

**Дара бастауыш** – бір сөзден тұратын бастауыш.

**Күрделі бастауыш** – екі не одан да көп сөзден тіркесіп келетін бастауыш.

Мысалы:

1	<u>Ертең канал қазу жұмысы</u> басталады.	Күрделі сөз
2	<u>Үй іші</u> су сепкендей басыла қалды.	Зат есім + көмекші есім
3	<u>Бір жүз қырық алты үшке</u> тең бөлінбейді.	Күрделі сан есім
4	<u>Дене шынықтыру денсаулық үшін</u> өте керек.	Зат есім + тұйық етістік
5	<u>Менің айтып отырғаным</u> – ақыл.	Көсемше + есімше
6	<u>Аудандық оқу бөлімі</u> жұмысқа кірісті.	Күрделі жалқы есім
7	<u>Еңбек еткен</u> ер атанар.	Зат есім + есімше
8	<u>Тоқпанов Хасен</u> мырза баяндама жасады.	Адамның фамилиясы, аты және «мырза» сөзі

*1-жаттығу Мына сөйлемдерді көшіріп жазып, бастауыштын астын сызыңыз.*

1. Самат ағасына телефон соқты. 2. Мен үндемедім. 3. Өзім апарып салдым. 4. Айтқаным рас болды. 5. Жиырма бес үшке тең бөлінбейді. 6. Жиырма бес маған тағы қайта келді. 7. Күле беру-ұят болады. 8. Айту-оңай, істеу-қиын.

*2-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз.*

1. Изучать казахский язык нелегко. 2. Мы заставили ребенка спеть песню. 3. Письмо отправлено в деревню. 4. Айжан гладит свое платье. 5. Мне 20. 6. В году 12 месяцев. 7. Моя семья не очень большая. 8. Идет снег.

*3-жаттығу. Мәтіндерден бастауыштарды тауып, астын сызыңыз. Орыс тіліне аударыңыз.*

### **Сыншы бала**

Баяғыда бір баланы жат жұрттықтар тұтқындап, еліне алып кетіпті. Еліне әкелген соң, қой бақтырып қойыпты.

Бала қой бағып жүріп, далада қалған қу бастың қасына келіп: «Сенің арғымақтың басы екенінді кім білсін, менің Тортай сыншының баласы екенімді кім білсін?» деп зарлайды екен.

Күндердің күнінде баланың қожасы үш арғымақ әкеліп балаға сынатыпты.

– Бала, мына арғымақтардың қайсысы жүйрік? – деп сұрапты. Бала:

– Мен білмеймін, әкем білетін еді, - депті.

Мұнан соң бай сәйгүліктерді балаға бақтырып қойыпты. Бала ең тұлпарын танып, жарата беріпті. Бір күні бала тұлпарға мініп, еліне тайып отырыпты. Жат жұрттықтар жабыла қуыпты. Бірақ бала оларға жеткізбей кетіпті. Сөйтіп аман – есен еліне жетіпті.

### **Үш жалқау**

Ертеде бірінен – бірі өткен ағайынды үш жалқау болыпты. Бар бітіретіндері бас көтермей ұйқтай беру екен.

Бірде үшеуі жолға шығыпты. Тоғай арасына келгенде, мәуелі ағаш көлеңкесіне қисая кетіпті. Бірінші жалқау:

– Е... құдай, мына өріктер піссе, - депті.

Екіншісі:

– Ауызға келіп түссе, - депті.

Сонда үшіншісі оларды міней сөйлеп:

– Түу, соны айтуға қалай ерінбейсіңдер, - депті.

### **Сылтаушыл**

Ертеде бір қойшы үйне мызғып алуға келіпті де, қойды қарай тұруға баласын жұмсатыпты. Күн суық болса керек, баласы:

– Тоңамын! – деп, сылтауратыпты.

Анасы ұлының аяғына жылы байпақ, үстіне тон тері шалбар, жылы қолғап, басына үлкен тымақ қигізіпті де:

– Ал, балам, енді тоңбайсың, бара ғой, - депті.

Сонда баласы ұялмастан:

– Енді көзім тоңады, - деп жылапты.

### **Сауысқан мен көкек**

Ертеде сауысқан мен көкек бір орманды мекендепті. Олар ұялары болмай, ағаштың бұтақтарын паналап күнелтіпті. Көкек күнде ерте тұрып алып: «ұя керек», «ұя керек», - деп, көршілерінің мазасын кетіреді. Бір күні сауысқан көршісіне:

– Екеуіміз бірігіп бірік ұя істейік. Әуелі саған, содан кейін маған салармыз, - дейді. Көкек:

– Менің ұя салатын қуатым да, құралым да жоқ. «Керек, керек» деп қақсай берсем, құстың бәрі ағайыным, көп болып көмектесіп, ұя салып берер, - деп келіспейді.

Сауысқан көкектің көмегін күтпей – ақ, ұя салуға кірісті. Ол ұясының қабырғаларын жас бұтақтармен таспалап, берік етіп өрді. Оны шыммен, өсімдік тамырларымен мықтап байланыстырды. Іші – тысын саз балшықтармен сылады. Кішкентай бұтақтардан құрастырып, шғын қақпалы есік жасады. Ұяның астына мамықтан төсек төседі. Ал көкектің «керек, керек» деп қақсай – қақсай даусы қарлығып, тілі сақау болды. Ол кейінгі жылдарда «керек» дегендегі «р» - ды айта алмай, «керек» деудің орнына «көлек, көлек» дейді. Сондықтан жұрт оны кекетіп «көкек» деп атайтын болды. Сол көкектің күні бүгінге дейін өзімдікі деген ұясы да, үйші де жоқ.

### **Құмырсқа қанағаты**

Ертеде бір оқымысты болыпты. Ол барлық халықтың, жан – жануардың, жәндік, өсімдіктің тілін түгел біледі екен.

Бір күні ғұлама бақ ішінде келе жатып, құмырсқаның илеуіне тап болады. Қарап тұрған біреуі жоқ: бір тобы індерін кеңейтіп жатыр, бір тобы нән құртты сүйретіп келеді, енді біреулері күзет қорықта жүр, ал ана біреуі басқа илеуден ұшырасқан құмырсқамен алысып жатыр.

Әлгі адам бір құмырсқаны ұстап алады да:

– Сенің басың неге үлкен? - деп сұрайды.

– Ақылым көп.

– Құйрығың неге үлкен?

– Қайратым көп. Өзімнен қырық есе ауыр жүкті көтере аламын. Қайратымды құйрығыма жинамасам, ауыр жүкті көтергенде, тоңқалаң асар едім, - дейді Құмырсқа.

– Ал сенің ішің неге жіңішке?

– Қанағатым көп.

– Жарайды, - деді оқымысты. – Ақылың мен қайратыңның көп екеніне көзім жетіп тұр. Енді қанағатыңның қандай екенін білейін. Егер саған бидайдың бір дәнін берсем, қаншаға жеткізер едің?

– Бір жылға жеткізер едім, – депті құмырсқа.

– Оқымысты Құмырсқаны сауытқа салып, қасына бидайдың бір дәнін қояды.

Бір жыл өткен соң сауытты алып қараса, Құмырсқа бір қырынан бүк түсіп, қимылсыз жатыр екен. Қасында бидай дәнінің жартысы қалыпты. Әрі – беріден кейін бірте – бірте мұртын, аяғын қимылдатады да, Құмырсқа орнынан тұрады.

– «Бір дән маған бір жылға жетеді» деп едің. Жыл өтті, ал сен дәннің жартысын ғана жепсің. Оның қалай? – деп сұрады оқымысты.

– Иә ... ол дәнді бір жылда жеп бітірсем, қазір менің халім әлде қайда жақсы болған болар еді. Бірақ сен бір жылдан кейін мені босатуды ұмытып кетсең, онда мен

бостан – босқа аштан өлген болар едім. Сол себепті бір жыл бойы жарты дәнді қанағат қылдым, – деп жауап береді Құмырсақа.

– Егер босатуды ұмытып кетсем, қалған жарты дәнді қанша уақытқа жеткізген болар едің?

– Төрт-бес жылға жеткізген болар едім, –депті Құмырсақа.

### **Түлкі, тасбақа және кене**

Бір уақыттарда бір түлкі, бір тасбақа және бір кене үшеуі жолдас болып келе жатса, бір жерде бір уыс тары жатыр екен. Үшеуі ойласты: мұны тұқым қылып, жерге егіп, көбейтіп, бөліп алайық деді. Түлкі бір жарды көріп:

– Мен осы жарды сүйеп тұрайын, болмаса құлап кетер, – деп жардың астында саялап жатып алды. Тасбақа байғұс жерді тырналап, кене сорлы жиып, тарыны айдап әлекке түсті. Сөйтіп көп бейнет шегіп айдап, ол піскен соң орып, жинап алды. Бұны бастырып еді, бір аяқ тары болды. Біреуі барып түлкіні шақырып келіп еді. Түлкі келді дағы:

–Бұл тарыны үшеуіміздің бөлгенімізге болмайды. Үш бөлгесін бұл әрқайсымызға қаншадан тиеді дейсің, онан да үшеуіміз жарысып, қай озғанамыз алайық, – деді. Мақұл деп үшеуі қатарласып, бір жерге келіп, «Алла Әкбар» деп түлкі жөней бергенде, кене түлкінің башпайына жабысып ол да кетті. Түлкі өліп -өшіп барынша жүгіріп келіп, қырманға отырайын деп еді, кене:

– Әй, батшағар, мені басып өлтіресің бе, – деді. Түлкі:

– Әй, сен ұашан келдің? – деді. Кене

– Сен бағана «Алла-Әкбар» дегенде – ақ мен келіп қалғанмын, - деді кене. Екеуі шатақтасып жатқанда, аузы – мұрны қан болып тасбақа келді. Келе сала:

– Ойбай, түлкі, мен бір пәле көріп келдім. Жаңа сендердің артыңнан екі қарагер аты бар, екі қара бүркіті бар және екі тазысы бар, екі адам келіп, «жанағы қасындағы түлкі жолдасыңды тауып бер» деп, қылды, сонда да мен сені айтқаным жоқ. Әйтеуір, осы жаққа қарай келе жатыр, - деді. Түлкі:

– Айналайындар-ай, мені айта көрме, мына тарыны екеуің тең бөліп ал, мен сендерге ырза болайын, олар келсе «білмейміз, қайда кеткенін де», - деп, түлкі кетіп қалды. Сөйтіп тарыны тасбақа мен кене екеуі бөліп алыпты.

### **Қасқыр мен кірпі**

Орман шетінде домалаңдап бара жатқан кірпіні аш қасқыр бас салады. Бірақ тұмсығы мен тамағы қанға боялып шыға келеді. Озбырлығын, қомағайлығын білдіргісі келмеген қасқыр кірпіге:

–Бетіңнен сүйейін деп едім, сен – ақ қырынбайды екенсің ғұмыры бір, - деп сылтаурады.

Кірпі қылтандарының арасынан біздей тұмсығын шығарып, сықылықтай күледі де:

–Асықпа, қасеке, сендердің азуларың түгел қағылып біткен күні мен де қырына бастаймын, - дейді.

### **Алтын санаған аштан өледі**

Қай заманда өткені белгісіз, Сағат есімді үрерге иті, сығарға биті жоқ, сіңірі шыққан қу кедей болыпты. Ол бірде аштықтан көзі қарайып, басы ауған жаққа қаңғалақтап келе жатыпты. Әбден қалжырап, ұйқы мендеген байғұс сәл тынығып алайын деп бір құмайт жерге жантая кетіпті. Арқасына аяздай батқан жоқшылық ұйықтаса да қыр



соңынан қалмаса керек. Түсінде де осы азаптан бас сауғалап, қашып келе жатса, алдынан сақалы белуарына түскен аппақ қудай қария шығады. Жарлының жолын кес-кестеп:

– Оян! – депті.

– Өзің жантайған құмайттың оң жағына қарай он қадам жүрсен, ескі жертөлениң орны бар. Сол арадағы қираған ошақтың астын сынық сүйемдей қазсаң, Сүлеймен саудагердің былғары сақтияны табылар. Сақтияның аузын ашып-жапқан сайын ішінен бір теңгелік алтын ділдә аласың. Енді қалған өміріңе бұйырған несібе осы. Қанағат қылсаң, қарның тояды, - дейді де ғайып болады.

Жүрегі алып-ұшып, орнынан атып тұрған Сағат ұйықтаған жерінен оңға қарай он адым аттайды. Опырылған жертөлениң оқпандай орнына кезігеді. Құлаған ошақтың орнын тырналап қазып жатып: “Осыдан шалдың айтқандары расқа шығып, бір ділдә тапсам – тойынып тамақ ішермін. Екі ділдә тапсам, дүние – ай, бала шағамның жүрегін жалғар едім. Егер үш ділдәға жетсе, әйеліме арнап көйлек сатып алар едім”, - деп қиялдайды.

Шалдың берген аяны айнымай келеді де, айтқан орыннан әмиян табылады. Бір ашса – бір ділдә, екі ашса – екі.... Әмиянды жүз ашқанда, үйіліп жатқан ділдәларды көзімен жей отырып, Қарақұмның қақа ортасынан хан сарайындай күмбезді үй салуды армандайды. Қарнының ашқанын да, балаларын да, бұл дүниеде әйелінің бар екенін де ұмытады. Көзіне қызылды-жасылды дүние елестеген Сағат мың, он мың, жүз мың, ..., миллион рет ашамын дегенше, арада екі апта уақыт өтіпті. Өстіп отырғанда дүниеқоңыз сорлының жүрегі үзіліп, бұл дүниемен қош айтысқан деседі.

### **Бір үзім нан**

Баяғы бір заманда бай мен кедей көрші өмір сүріпті. Олардың араздығы сондай, бірін-бірі көргісі келмейді екен.

Байдың үйі кең, әдемі болыпты. Іші толған-алтын мен күміс. Ал кедейдің үйі ағаштан жасалған, төбесін бұтамен жапқан қора екен. Алтын мен күміс түгілі, нанын әзер тауып жепті. Егін егіп, оны суарып, күтіп, орып, өз күнін өзі көріпті.

Бір жылы көктемде алапат су тасқыны болады. Бай алтынын көтеріп ағаштың басына шығып кетеді. Ал кедей болса, бір көмеш нанын қойнына салып, ол да ағаштың басына көтеріледі. Су тасқыны он бес күнге созылады. Бір күн қарны ашқан бай кедейге:

- Әй, кедей, сен мына бір кесек алтынды ал да, маған бір үзім нан бер, - дейді.

- Жоқ, алтының өзіңе, нан бере алмаймын, - деп жауап береді кедей.

Екінші күні бай кедейден тағы да нан сұрайды.

- Алтынымның жартысын берейін, - дейді ол бұл жолы.

- Жоқ, бере алмаймын, - деп бұл жолы да кедей келіспейді.

Ақыры аштан өліп бара жатқан соң шыдамай, бай бір үзім нанға барлық алтынын айырбастайтынын айтады. Кедей бәрібір көнбейді. Бойынан күші кеткен бай басы айналып, суға құлап кетеді. Ал, келесі күні су тоқтап, кедей ағаштың басынан түседі. Халықтың: «Алтын, күміс – тас екен, арпа, бидай – ас екен» дейтіні орай айтылғаны екен.

## § 2. Баяндауыш.

*Бастауыштың іс-әрекетін, жай-күйін, кім, не екендігін көрсететін, не істеді? не қылды? не етеді? қайтеді? кім? не? кімнің? қандай? қалай? қанша? т.б. сұрақтарға жауап беретін, сөйлем құруға негіз болатын тұрлаулы мүшені баяндауыш дейміз. Кез келген сөз табынан жасалады.*

1	<i>Мен биыл мектеп бітірдім.</i>	<i>Етістік</i>
2	<i>Мен енді студентпін.</i>	<i>Зат есім</i>
3	<i>Ер жігіттің екі сөйлегені - өлгені.</i>	<i>Есімше</i>
4	<i>Бүгін күн жылы.</i>	<i>Сын есім</i>
5	<i>Менің жасым он сегізде.</i>	<i>Сан есім</i>
6	<i>Менің атам да, әжем де бар.</i>	<i>«Бар», «жоқ» сөздері</i>
7	<i>Менің жұмыс орным мында.</i>	<i>Үстеу т.б.</i>

2)Сказуемое (баяндауыш) отвечает на вопросы не істеді? не қылды? не етті? қайтты? «что делал? Что сделал»,а также может быть выражено различными частями речи. Напр.; Асан кітап оқыды «Асан читал книгу». Мен инженермін «Я инженер». Олардын үйі осында «Их дом здесь».

*1-жаттығу.Мына сөйлемдерді көшіріп жазып, баяндауыштын астын сызыңыз.*

1.Қар жауады. 2.Алматы - астанам.3.Баласы Алматыда оқып жүр.4. «Әсем» тұрмыс үйі көрікті. 5.Айтқан - мен. 6.Мен жиырмадамын. 7.Ағаш көркі - жапырақ, адам көркі-шүберек. 8.Тұрмысымыз жылдан-жылға жақсаруда.

*2-жаттығу. Мына сұрақтарға жазбаша жауап беріңіз. Бастауыш пен баяндауыштардың астын сызыңыз.*

1.Зауытта кімдер істейді? 2.Мекемеде (в учреждении) кімдер істейді? 3.Институтта және мектепте кімдер істейді? 4.Сіздің үйге кімдер келеді? 5.Лекцияда кімдер отыр? 6.Жатақханада кімдер тұрады? 7.Жатақхананың екінші қабатында кімдер тұрады? 8.Бүгін кімдер кезекші? 9.Сабақта кімдер жоқ? 10.Сендер топта нешеусіндер? 11.Жасыңыз нешеде?

*3-жаттығу. Мәтіндерден баяндауыштарды тауып, астын сызыңыз. Орыс тіліне аударыңыз.*

### Аңқау

Баяғыда бір аңқау есегіне мініп, сапарға кетеді. Келе жатып, тауға шығарда есегін аяп, жетектеп өтпекші болады. Бұны екі ұры көріп, есекті ұрламақшы болады. Екі ұры аңқауға білдірмей келіп, біреуі есектің ноқтасын сыпырып жіберіп өзі киіп, аңқаудың артында жүріп отырады. Екіншісі есекті алып кетеді. Аңқау білмейді, өлең айтып жүре береді. Біраздан кейін әлгі ұры тартынып жүрмейді, аңқау артына қараса, есектің орнына адамды көреді. «Бұл қалай, сен қайдан келдің?» –деп таң қалады.

Ұры: «Мен сенің есегің болып жүрген кісі едім, бала кезімде тентек болдым, шешем « есек болғыр» деп қарғап еді, мен есек болдым. Бүгін қайта адам болдым», – дейді. Аңқау бұған сеніп, ұрыны босатып жібереді.

### Екі жалқау

Қыстың алай – түлей соққан бораны есікті жұлқылай ашып, асыққан жолаушыдай үйге ентеледі. Екі жалқау жылы пештің қасынан тұрғысы келмейді:

- Сен кішісің ғой, есікті жауып келші.
- Сен үлкенсің ғой, өзің жап.
- Жоқ. Өзің жап...

Екеуі осылай салғыласып отырғанда бораған қар үйге толады. Терезелерге аяз өрнек салып, пештегі оттың жылуын да бәсеңдетеді, көмірдің қызыл шоқтары суи береді. Бөлмені суық ауа торлайды.

Екі жалқауды мұз басады да, бөлменің екі бұрышында екі мұз адам пайда болады.

### **Олақ қыз**

Ертеде бір байдың бойжеткен қызы болыпты. Біраз жасқа келсе де, ол көк инені көктей шаншуды білмейді екен. Қызының бұл ісіне намыстанған байдың бәйбішесі жұрт көзінше қызына іс тігуді үйретпекші болып, бір шөрік жіп пен ине және бір кез бұл – мата беріпті.

Қыз инеге жіпті сабақтап, бұлға бір шаншып алып, тарта беріпті, тарта беріпті ...Біраз уақыт өткенде, әбден дымы құрыған қыз: «Аһ, жеттім – ау!» - деп тартып қалса, жіптің екінші ұшы зып ете қалыпты. Сөйтсе, ол жіптің ұшын түюді ұмытып кеткен екен.

Міне, осыдан бастап, жұрт оны «Олақ қыз» деп атапты.

### **Қырғи мен бөктергі**

Қырғи мен бөктергі ойда жоқ жерде кездесе кетерді. Екі дос өткен – кеткенді әңгімелеп, кездесу құрметіне кеш өткізуді ұйғарды. Кештің керегін әзірлеуге келіседі. Жиырма торғайдың жартысын ұстауды қырғи міндетіне алады, қалған он торғай бөктергінің үлесіне тиеді.

Қырғи көп кешікпей он торғайды ұстап, төбе басында бөктергіні күтіп отырады. Бөктергінің келетін мезгілі өтіп, кешігеді. Ал бұлар кешті күн батпай бастауға уәде еткен. Ақыры шыдамы таусылған қырғи дерексіз бөктергіні іздеуге шығады.

Қалың тоғай бойымен ұшып келе жатып, қырғи алыстан бөктергіні байқайды. Ол бір торғайды қуып, ылдиға ығыстырып барады екен. Сол сәтте қырғи бөктергінің соңынан ұшып кетеді. Оның қауырсындары терге малшынып, аяғын торғайды бұруге ілгері соза түсіпті. Бөктергінің шаршау кейпін көрген қырғи: «Торғайдан торғай қалдырмай қырған екен», - деп ойлады. Сөйтіп ол бөктергіден асығыс:

–Ау, Бөке, қанша торғай ұстадыңыз? – деп сұрайды.

Сонда бөктергі алдында ұшып бара жатқан торғайды нұсқап:

–Осыны алсам, тоғыз торғай қалады, - депті.

### **Түлкі мен қоян**

Бір күні болдырып келе жатқан түлкі жортып жүрген қоянды көріп, өтірік ауырған болып, оның жолына сұлай кетіпті де, қоянды шақырыпты.

–Қоянжан-ау, қоянжан, неге сонша жортасың? Менен неге қорқасың? Бала жастан бірге өскен, тоғайдың дәмін бір жескен көрші емес пе едік. Мен ауырып жатырмын, жақынырақ келсеңші, қоштасайық, - депті.

Сонда Қоян:

–Екі құлағым сөзінде тұр, екі көзім өзінде тұр. Сіз етті жақсы көреді дейді жұрт, сол рас па? – депті.

–Рас болғанда қандай, тіпті ет жемесем басым ауырады.

– Міне, осыныңыз жаман ғой.

– Иә, соған өзім де қынжылып жатырмын, кеше бір тауық жеп едім, соған жаным ашып, жылап та жібердім. Өйткені ол да тірі жүргісі келеді ғой. О, шіркін, тіршілік! – депті.

Қоян:

– Сіз оны өлтірмей тұрып, ойлап көрдіңіз бе? – депті.

Сонда түлкі:

– Мен дәл сол жерін ойлауды ұмытыппын. Жаныма батып, ауырып жатқаным да соның өкініші, - дейді.

– Ұмытшақ деген жаман ғой, мен де содан қорқамын, сондықтан да жортамын, – деп тұра жөнеліпті қоян.

### **Жолбарыс пен тышқанның достығы жайында**

Ерте заманда бір жолбарыс бір тоғайдың қалың бадалында ұйқтап жатыр еді. Үстіміненен бір тышқан жорғалап жүріп бара жатқанын сезіп, ұйқысынан оянып қараса, тышқан екен, ұстап алады да, тышқанды қысып өлтіретін болып еді, тышқан:

– Я, тақсыр, арызым бар, мені өлтірмеңіз, бір күнәмді кешіріңіз, білмеген екенмін, тірі жүрсем, мен де бір қызметіңізге жарамын, - деп, арызын айтты №

Жолбарыс күліп тұрып:

– Мен – жолбарыс, сен – тышқансын, қалжының мынау, сен маған қызметке жарамайсың, деп, тамаша етніп тұрып, қап, бар енді, көрерміз деп тышқанды қоя берді. Тышқан пақыр қуанып, жолбарыс досым деп жүгіріп ойнап кете берді. Күндерде бір күн жолбарыс жортып ойнап жүріп, мойнынан аспа тұзаққа түсіп, шарық ұрып жылай береді. Тышқан келіп қараса, баяғы өзінің досы жолбарыс екен. Қасына келіп қарап тұрды, жолбарыс тышқанға қарап:

– Лажын бар ма бұнан қылар? – деп тышқаннан көмек сұрады. Тышқан тұра жүгіріп келіп, тұзақты қажап, қиып береді. Жолбарыс тышқан досына қиын күнінде іске жараған соң, разы болып, «рақмет, досым» деп қуанып, ажалдан айырғанына шат болды.

### **Ақымақ қасқыр**

Өрісте жайылып жүрген қойдың ішінен бір арық қой жалғыз бөлініп қала беріпті.

Қалың шидің арасынан бір қасқыр шыға кліп:

– Е, сүйген асым, қайдан жүрсің? Іздегенде, мұндай кездестіре алмас едім, бұйырған дәмге дауа жоқ! Енді сені жеймін, - дейді.

Қой:

– Жейтін болсаң, ажалым жеткен екен. Бірақ өзің де мал танығыш едің ғой, қарны кампиған, семіз қой әкеліп, алдыңа тартайын. Жылы – жұмсақты сен жемегенде, кім жейді? - дейді.

«Жылы-жұмсақ» деген сөз қасқырды қызықтырады. Қойды босатып қоя береді. Қасқыр жұтынып, қойдың семіз бағланын күтеді. Қой да, бағлан да жоқ, қасқыр түңіледі. «Қой баласы момын ғой, алдауды білмеуші еді. Сірә, оны ешкі антұрған азғырған шығар. Барып көрейін!» деп жорта жөнелді. Бір белеске шығып, төңірекке қараса, алдында қызылшаны күрт- күрт шайнап, бір ешкі жүр екен. Көп

қой да, қойшы да алыста екен. «іздегенім сен едің!» деп қасқыр ешкіге бас салады. «Жанымды алып қалуға себеп болар ма екен» деп, ешкі мынаны айтады:

– Атаң да, анаң да жақсы дейді ғой. Қой тұрғанда, олар ешкіні жемеуші еді. Мен қарапайым ешкі емеспін, тойда билеп, торқа киген ешкімін!- деп судырдатады.

–Ешкі билейді дегенді естіген емеспін. Ондай өнерің болса көрсет, дейді қасқыр.

Ешкі:

Ендеше көз аудармай, аяғыма қара да тұр, мен бір билеп көрсетейін, - дейді де, ешкі олай-бұлай секіре-секіре, жалт беріп, көп қойдың арасына кіріп кетеді.

Сол арада қойшы да келіп, ешкі аман құтылады.

### **Арыстан мен түлкі**

Арыстан қартайды. Аңдарды бұрыңғысынан аулай алмайтын болды. Енді аңдарды айламен аулағасы келді. Өзі үңгірге жатты да:

–Аурумын, жүруге әлім жоқ, - деп, барлық аңдарға хабар таратты.

Аңдар бір-бірлеп арыстанның халін білуге келеді. Арыстан аңдардың біреуін де қайтармайды. Бәрі де арыстанға жем болды. Бір күні түлкі келді. Ол үңгірден алысырақ тұрды да:

–Халіңіз қалай, тақсыр? – деп, көңілін сұрады.

–Халім нашар. Неге жақынырақ келмейсің? Берірек кел, түлкіжан, біразырақ сөйлесейік, - деді арыстан.

Түлкі:

–Мен саған жақын барар едім-ау, бірақ саған кірген із бар да, шыққан із жоқ! – деп, жүріп кетіпті.

### **Ақ тиін мен қасқыр**

Ақ тиін бұтақтан бұтақа қарғып жүріп, ұйықтап жатқан қасқырдың үстіне құлайды. Қасқыр қарғып тұрып, оны жегісі келеді.

Ақ тиін жалынып:

–Мені жеме, жібер!- дейді.

–Жарайды, жіберейін, бірақ сен маған айт: неліктен сендер әр уақытта шат болып жүресіңдер?

–Мені жіберіңіз, сонан соң айтайын, әйтпесе жүрегім дірілдеп сөйлей алатын емеспін, - дейді. Қасқыр ақ тиінді босатады. Ақ тиін ағаш басына шығып алып:

–Сен қасқыр, залымсың, залымдық ішінді жандырады, сондықтан әрқашан қапалы жүресің. Біз ешкімге жауыздық істемейміз, сол үшін де әр уақытта шат болып жүреміз,- депті.

### **Күшік пен мысық**

Қарны ашқан күшік тауда қаңғып жүрсе, қасқыр жүгіріп келіп:

– Ей, күшік, мен сені жеймін!- депті.

–Қой, көкешім, қой! Әуелі мені тойғыз, сонан соң жерсің, - депті күшік.

Қасқыр:

–Жарайды, жарайды! Менің соңымнан қалмай еребер, - депті.

Екеуі бірге келе жатып, бір топ сиырды көріпті.

Қасқыр өзінің жолдасына қарап:

–Маған қарашы: менің көздерім, құлақтарым, аузым, құйрығым қандай екен? – депті.

–Сенің көзің шоқтай қызарып жайнаған, екі құлағын жылмиған, аузың арандай ашылған, құйрығың артқы екі аяғыңның арасына қыстырылып, жас шыбықтай болып майысқан, - депті күшік.

–Мен не қылар екем, соны қара, - депті де қасқыр шапшып барып, бір бұзаудың тамағына жабысып, тұншықтырып өлтіріпті, күшікті де тойғызады, өзі де тояды.

–Мен тойдым, сенің етінді жортып, кетіп қалыпты.

Күшік бұзаудың жемтігінің қасында қалып, үш күндей тегін етке тойып жатыпты. Ақырында, іші пысқан соң, қанғып жортуға шыққан екен, бір аш мысыққа кез болып, оған:

–Ей, мен сені жеймін! – депті.

–Қой, күшеке, қой! Әуелі мені тойғыз, сонаң соң жерсің, - депті мысық.

–Жарайды! Менімен бірге еріп жүр, - депті күшік.

Біраздаң соң бұлар бір топ түйеге келіпті.

Сол уақытта жардың астында бір киік кетіп бара жатады, арыстан соған қарғып түскенде, сүйектері құлпарша болады. Сонда түлкі келіп:

–Арсеке, бір жеріңіз ауырып қалды ма? – деп сұрайды.

Арыстан:

–Сүйекте сынбаған сүйек жоқ, - дейді.

Түлкі мұның қимылдауға шамасының келмейтінін біліп, қоң етін ойып жеп жатыр еді, соңда арыстан:

–Ай, түлкі, әуелі көз майымды жеші, - деді.

Түлкі:

–Арсеке, несіне асығасың! Бұйыртса, сенің бар майыңды жейтұғын болдым ғой! – дейді де, арыстанды және жеп алады. Сөйтіп түлкі кү қыстан шығады.

### **Түлкі мен қырғауыл**

Бір түлкі қалың ағашты аралап келе жатып, ағаштың басында отырған қырғауылды көреді де, жақындап келіп:

– Сәлеметсіз бе, қырғауылым, халің қалай? – дейді.

Қырғауыл:

– Жақсы, өзің қалай тұрасың? – дейді. Түлкі:

– Жерге түсіп, сөйлессеңіз қайтеді, бір құлағым естмеуші еді, - дейді. Қырғауыл:

– Жерге түсуге қорқамын, жерде әр түрлі аңдар бар, бізді жеп қоюы мүмкін, - дейді.

Түлкі:

– Әй, достым, биылғы заман бұрыңғы заман емес, жаңа ғана келдім, бұйрық шығыпты, «бәреуге біреу зорлық қылмасқа, қой мен қасқыр бірге жүрсін, қырғауыл мен түлкі бірге жүрсін деген», - дейді. Қырғауыл:

–Жақсы хабарыңыз бар екен, рақмет, достым! Мына жақтан бір иттер келе жатыр, оларға да хабарыңызды айтыңыз, естісін, - дейді. Ит деген сөзді есіткен соң, түлкі алды-артына қарамастан қаша жөнеледі. Қырғауыл:

– Қайда барасың, түлкім, бұйрықты ұмытып кеттің бе? – дейді. Түлкі:

–Кім біледі, бұйрықты ұмытып кеттің бе? – дейді.

Кім біледі, бұйрықты ол естімеген шығар, - дейді міңгірлеп.

*К второстепенным членам предложения относятся: дополнение, обстоятельство и определение:*

### § 3. Толықтауыш.

Сөйлемде толықтайтын мүшесімен барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің бірінде тұрып және онымен заттық ұғымда байланысатын, негізінде баяндауышқа қатысты болатын сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі **толықтауыш** деп аталады. Толықтауыш аталған септіктердің кімге? неге? кімді? нені? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен? деген сұрақтарына жауап береді. Толықтауыштар зат есімнен, есімдіктер мен заттанған басқа сөз таптарынан жасалады. Толықтауыштар мағынасы мен тұлғасына қарай тура және жанама болып екіге бөлінеді.

**Тура толықтауыш** – сөйлемде сабақты етістіктен болған мүшеге меңгеріліп тұрған табыс септігіндегі сөз. Мысалы: Жауды аяған жаралы қалады. Мен бұл кісіні танымын.

**Жанама толықтауыш** – сөйлемде атау, ілік, табыс септіктерінен басқа септіктерде тұрып толықтауыштың сұрауына жауап беретін сөз. Мысалы: Мен апама көмектестім. Машина бензинмен, газбен жүреді.

*Дополнение (толықтауыш) отвечает на вопросы пяти падежей, кроме именительного и родительного. Так же, как и в русском языке, дополнение может быть прямым и косвенным. Напр.: Сен айтқан кітапты (нені?) оқыдым «Я прочел книгу (что?), о которой ты говорил». Кітаппен (немен?) жұмыс істедім «Я работал над книгой (над чем?)»*

*1-жаттығу. Мына сөйлемдерді бір-бірлеп көшіріп, жақшаның ішіне сұрағын жазыңыз.*

1. Адам көзбен көреді, құлақпен естиді, аяқпен жүреді. 2. Асан кеше ауылдан келді. 3. Студенттер театрда отыр. 4. Кеше досыма хат жаздым. 5. Алматы Бішкектен үлкен. 6. Балалар ата-аналарына гүл сыйлады. 7. Мен оған сәлем айттым.

*2-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып, толықтауыштардың қай септікте тұрғанын айтыңыз.*

1. Оның әкесі университетте істейді. 2. Үйдің алдында әдемі гүлдер өсіп тұр. 3. Қыздар Медеуге кетті. 4. Киімді инемен тігеді. 5. Котлетті еттен жасайды. 6. Базардан қарбыз әкел. 7. Жаттығуды жазамыз ба? 8. Даладан келді. 9. Үйге апар.

*3-жаттығу. Мәтіндерден толықтауыштарды тауып, астын сызыңыз. Орыс тіліне аударыңыз.*

### Өз атыңа не жетсін!

Қоян көжегіне бір мықты ат қоюды ойлады. Ол оны "Жолбарыс" деп атайды. Көжек далаға шығады. Далада ешкінің лақтары ойнап жүр екен.

— Ей, ешкінің лақтары, мен сендермен бірге ойнайын ба? — дейді.

— Ей, сен кімсің, атың кім?

— Мен бе? Мен жолбарыспын.

— Ойбай! — деп лақтар қорқып, жан-жаққа қашып кетеді. Көжек үйіне келіп.:

— Ой, жолбарыс болмаймын, менімен ешкім ойнамайды, — дейді. Қоян:

— Е, онда сенің атың қасқыр болсын, — дейді.

Ертеңіне көжек тағы далаға шығады. Далада жас бұзаулар ойнап жүр екен.

— Әй, бұзаулар, мені де ойындарыңа қосындаршы, — дейді.

— Е, сен кімсің? Атың кім?

— Мен бе? Мен қасқырмын.

Бұзаулар оны сүзіп, теуіп, қуып жібереді. Көжек үйіне жылап келеді.

—Жоқ, мен қасқыр болмаймын. Мені бәрі ұрып жолатпайды, — дейді.

— Қап! Енді не істесем екен, күшті ат қойып едім, одан пайда болмады.одан да оған өзіне лайықты ат қояйын. Е, онда сенің атың «Ақкөжек» болсын, — дейді.

Келесі күні көжек далаға шығады. Далада борсықтың, түлкінің балалары жүр екен.

— Ей, борсықтың, түлкінің балалары, мені ойындарыңа қосындаршы, —дейді Көжек.

— Сен кімсің? Атың кім?

— Менің атым —Ақкөжек!

— Ой, мынау бір жақсы бала екен! Жүні қандай жұп-жұмсақ! — деп бәрі шу ете түседі. Көжек кешке дейін ойнайды. Кешке шаршап қайтады.

— Алақай, «Ақкөжек» деген қандай жақсы ат! — деп қуанды ол.

### **Халық ауыз әдебиеті**

Ауыз әдебиеті – халқымыздың асыл да мол мұрасы, нелер бейнелі сөз маржандары осы ауыз әдебиетінде. Ауыз әдебиетінен сусындамаған, нәр алмаған бірде - бір шынайы суреткер болған емес. Ауыз әдебиеті – олардың құнарлы топырағы.

Атынан көрінгендей, ол ауызша шығарылып, ауызша айтылған.

Фольклор – синтетикалық өнер түрі. Онда өнердің әр түрі – сөз, музыка, хореография және театр өнерлері шоғырланған. Ал мектепте фольклор тек сөз өнері тарихы ретінде өтіледі.

Ауыз әдебиеті – талай ғасырлар жемісі. Халық жыраулары, жыршылары, ертекшілері оны сонау ықылым заманнан рухани асыл қазына ретінде сақтап, ұрпақтан – ұрпаққа мұра етіп, бүгінгі біздің дәуірімізге жеткізген.

Адамзат өзінің сонау балаң кезінде, табиғаттың жұмбақ, тұңғыық сырына ойы жете алмаған кезінде сол табиғаттың сиқырлы алуан жұмбақтарын шешсем, оны өз ігіліме жаратсам, бағындырсам деген арманын өзінің ауыз әдебиетінде бейнеленген. Адамның табиғаттың дүлей, мылқау күшімен арпалысы да сол ауыз әдебиетінде өрнектелген. Қоғамдық,әлеуметтік, экономикалық өмірдің ілгерілеуіне, адамның ой – санасының өсуіне, өзін қоршаған табиғаттың сырына терең бойлауына байланысты ауыз әдебиеті де мазмұны, формасы жағынан байып, дамып отырған.

Қазақ халқының ауыз әдебиетінің сонау көне дәуірден келе жатқан рухани мұра екені «Құламерген», «Ер Төстік» ертегілерінен айқын танылады.

«Құлатай батыр» ертегісіндегі Құлатай бойына ертегіші керемет күш, ізгілік, адамгершілік дарытқан. Ол бойы бір тұтам, сақалы қырық алыпты сақалынан бәйтерекке байлап қояды, кейін басын кесіп алады, ол балапандарлы айдаһардан құтқарады, өзіне арамдық ойлаған ағалары аяғына келіп жығылып, қатесін мойындағаны үшін кешірім жасап, адамгершілік танытады.

Қиял-ғажайып ертегілерінде болсын, шыншыл ертегілерде болсын жер пендесіне сенім мол.

Ертегілерде халық адал еңбекті, адал кәсіпті дәріптеген. Еңбек адамды адам етеді деген ғой – ертегілер өзегі. «Ақбай» ертегісінен мұны айқын байқауға болады. Талай өлім мен өмір арпалысын басынан кешірген Ақбай ақырында: «Қайда барсам да еңбексіз рақат жоқ екен, неде болса өзім тұрған бұлақтың басын бақшаға айналдырайын», - деп еңбекке ден қояды. Кейін: «Туған жеріне де баубақша егіп,



туған жерін жазираға, сыңсыған орманға айналдырған». Халық еңбектің жасампаз тәңірісіне табынған.

Әйел қауымын халқымыз аса жоғары бағалаған. «Хан қызы» ертегісіндегі қыз өзінің ақыл-адамгершілігімен ханнан асып түскен. Соны мойындаған хан өз тағынан бас тартады. Хан құсаланып: «Е, қызым. Сен ақылды екенсің, мен ақымақ екенмін, менің еліме кел, менің шаһарымды биле!» - дейді.

Хан үйіне келіп өлді. Күйеуі хан болды, қызы ханша болды. Міне, бұл ертегіде әйелдердің де ақыл-парасат иесі екенін нанымды көрсеткен. Халық әйелдердің ерлермен тең болуын армандаған.

Ауыз әдебиетінде халықтың ғасырлық арманы бейнеленген, әлеуметтік теңсіздікке қарсы үн көтерген. Мұны Тазша баланың екі ағасын өлтірген байдың көзін жойып, кек алған «Ағайынды үш жігіт», тағы да сол сияқты ертегілерден айқын көреміз.

Ауыз әдебиетінде халықтың жақсы өмірді, әділеттілікті аңсаған мұрат-мақсаттары да кең өрнектелген. Ауыз әдебиеті шығармаларының барлық түрінде қоғамдағы тұрмыс-салт, әлеумет өмірі, тіршілік әрекеті, ой-санасы, дүниетанымы, өршіл, арманшыл қиялы әр жақты көрінген.

Халық ауыз әдебиеті әр салада, әр түрлі жанрда дамыған. Тұрмыс-салт жырларынан бастап, эпостық жырларға дейінгі бай мұра халық ауыз әдебиетінің жанрлық өрісін танытады.

### **Еңбекқор мен жалқау немесе нан туралы аңыз**

Ертеде бір өрен жастайынан еңбек сүйіп өсіпті. Сол еңбектің арқасында есейе келе қисапсыз береке-байлық кенеледі. Дегенмен ар – ұятты, қанағатты ойлап, дүние – малын азайтудың қамымен халқына қарасып, жиған – тергенін кедей-кепшіктерге үлестіріп беріп отырады екен. Бірақ қора – қора малы азаюдың орнына көбейе беріпті. Бір күні сол елдегі көрген – түйгені мол, ақылгөй қарияның алдына келеді. «Мен не істесем де малым азаймай қойды. Қайтсем керек?» - дейді.

- Түйеге мініп бара жатып нан жей ғой, - деп жауап қайтарыпты қария.

Әлгі еңбекқор жан түйеге мінеді де, нанның ауыр бейнетпен келетінін жастайынан бүліп өскен соң байқамай үгіндісін түсіріп алармын деп, алдына орамалын жаяды. Сөйтсе де түйе үстінде шайқалақтап отырғанда нанның бір түйірі жерге түсіп кетеді. «Қап, обал-ай! Несібені, тірлік көзін аяқ асты етіп, күнә арқаламасам қайтсін? Балаларыма кесірім тиетін болды-ау!» деп зар илейді. Сол арада түйеден түсе қалып іздейді. Қалың шөп арасынан іздегені көзге түспейді. Оның үстіне қас қарайып қалған уақыт. Содан ертең асықпай қарармын деген ойменен бір таяқты шаншып, үйіне қайтыпты. Ертеңіне келсе кешегі жыңғыл таяғы бір құмыра алтын болып тұр екен. Бұған ол айран-асыр қалып, басынан кешкенін ел-жұртына айтып келеді. Мұны естіген бір көк жалқау жарты күлше нан алады да, түйеге мініп жолға шығады. Жолға шыққасын нан үгіндісін әдейі түсіріп іздеген болады. Бұлдағы таба алмай, таяқ шаншып кетеді. Ертеңіне жалқау бір құмыра алтын алып қайта қояйын деп әлгі жерге келсе, шаншып қойған таяғы үлкен қара сұр жылан болып өзіне ұмтылыпты. Білетіндер «Берекені көктен тілеме, еткен еңбектен тіле!» деген сөз сол заманнан қалыпты дейді.

### **Еңбек пен безгек**

Баяғы бір заманда безгек ауруы адамдарды сынамақ боп жолға шығады. Келе жатып жер жыртып жүрген адамға кез болады. Келе оны әурелеуге кіріседі. Бірақ басын ауыртқанымен, жұмыс істеп терлеп жүрген адамға ештеңе істей алмайды. Дикан қатты ауырып тұрса да, жұмысын тоқтатпай, бітіре салайын деп жалғастыра береді. Ауруға берілмейді. Безгек оны жеңе алмасын біліп, сапарын одан әрі жалғастырады.

Ұзақ жүргеннен кейін құдықтан су тартып, мал суарып жатқан малшыға келеді. Келген бетте оның да мазасын алады. Малшы бала ауырғанына қарар емес. Үсті-басы терге малынып, жанталасып, су шығарумен болады. Безгек біраз айналшықтап, ештеңе шығара алмасын білген соң, тағы да жолға шығады. Сонымен не керек, жүре-жүре әбден титықтаған шағында алыстан екі-үш ақ боз үй көрінеді. Жақындап келсе, бұл бір жуан қарын байдың үйі екен. Безгек келе жабыса кетеді. Басы ауырып, тоңған бай бәйбішесіне айқай сап:

–Ойбай, бәйбіше, төсек сал. Басым ауырып, алып барады. От жақ, тоңып өлгелі отырмын, -деп, тісі-тісіне тимей сақылдайды.

Бәйбішесі отағасын төсекке жатқызып, үстіне қалындап көрпе жауып бәйек болады. Бірақ ол күйеуін әлпештей жүріп ауруға да жағдай жасағанын білген жоқ еді. Бай сол жатқаннан қайтып орнынан тұра алмайды.

Қайраты бар кісінің ауруменен ісі жоқ деген осы.

### **Атымтай жомарт**

Атымтайдың ата-анасының азан шақырып қойған есімі – Атым екен. Тай шаһарында туып - өскендіктен “тай” сөзі жалғанып, Атымтай атаныпты. Өзі әрі есепсіз бай, әрі қолы ашық мәрт, жомарт кісі болыпты. Осындай мырзалық мінезіне орай ел ішінде айтылатын әңгімелерде Атымтай жомарт атанып кеткен екен.

Тай шаһарына жақын маңда түлкідей қу мен бір адам болыпты. Бірде ол Атымтайдан қарызға жүз ділдә сұрап келеді. Жомарт оның аты-жөнін білмесе де, сұрағанын беріп жібереді. Тай шаһарынан ұзап шыққан алаяқ орамалға оралған ділдәсына қарап, өз қулығына масаттанады. Сол кезде бір қарға ұшып келіп, түйіншікті іліп әкетеді. Оны далбақтап қуып жете алмай әбден шаршаған қудың салы суға кетіп, опынып қала береді.

Арада бір жеті уақыт өтеді. Сол алаяқ өзін танытпайын деп бойын қоқырайтып, киімін өзгертіп, дауысын құбылтап, Атымтайға тағы келеді. Жомарт оны бар сый-сияпатымен күтіп алып, сұраған ділдәсын тағы береді. Осы жолы да ойлағаны іске асқан қу ділдәны енді таяғына түйіп алып, бұрынғыдан басқа жолмен жүреді. Сол арада алдынан өзен кездесіп, одан өтіп келе жатқанда, ділдә түйген орамалы суға түсіп кетеді. Қудың діңкесі құрып, тағы да жер сипап қалады.

Алаяқтың Атымтайдан үшінші рет ділдә сұрауына тура келеді. Бұл жолы ол ақ ниетімен сұрап, үйіне аман-есен жетеді. Сауда-саттық жасап, шаруасы оңалады. Бір-екі жылда байып, тіпті қызметші ұстайды. Бір күні ол жомарттан алған үш жүз ділдәсын түйіп, басқа да сый-сияпат әзірлеп, Тай шаһарына келеді. Атымтай қонағын күтіп, ертеңінде кетер жолында ділдәсының жүзін ғана алып, екі жүзін өзіне қайтарып береді. Қонақ бұл іске таңданып аузы аңырайып отырып қалады. Сонда жомарт оған:

–Алғашқы екі рет келгенінде сенің ойың арам еді. Сондықтан сол кездегі саған берген екі жүз ділдәм өзіме қайта оралды. Алғашқысын қарға әкеліп тастаса, келесісі сумен ағып келді. Үшінші рет адал көңіліңмен келдің, осы рас па? – деп сұрайды.

Өзінің бұрынғы алаяқтығы есіне түсіп, сол қылығынан ұялған қонақ бұдан былай адал жолдан таймауға уәде береді.

### § 3.4. Анықтауыш.

**Анықтауыштар** сөйлемнің есімнен болған мүшелерін анықтап, қай? қандай? қайсы? қайдағы? недегі? қанша? неше? нешінші? не еткен? кімнің? ненің? деген сұрақтарға жауап береді. Анықтауыштың анықтайтын мүшесімен байланысы екі түрлі:

**Қабыса байланысатын анықтауыштар** ешбір жалғаусыз анықтайтын сөзінің алдында қатар тұрып байланысады. Мысалы: Жаздың жайлы кеші.

**Матаса байланысатын анықтауыштар** ілік септігінде тұрып тәуелдеулі сөзді анықтайды. Мысалы: Менің Отаным – Қазақстан.

**Дара анықтауыш** – бір сөзден тұратын анықтауыштар.

**Күрделі анықтауыш** – екі және одан да көп сөзден тұратын анықтауыштар. Мысалы:

1	<u>Қара торы, ат жақты, сұңғақ бойлы</u> адам ...	Күрделі сын есімдер
2	<u>Сібірдің күзгі желі</u> бет қаратпайды.	Зат есім + сын есім
3	<u>Парламент үстіндегі жалау алыстан көз тартады.</u>	Зат есім + көмекші есім
4	<u>Қолы қимылдағанның</u> – ауызы қимылдар.	Зат есім + есімше
5	<u>Бұл елде екі мың бес жүз мал бар</u> екен.	Күрделі сан есім
6	<u>Бес алған оқушылар емтихан тапсырмайды.</u>	Сан есім + есімше
7	<u>Еңбексіз отырған</u> адам жалқау болып кетеді.	Сын есім + есімше

3) **Определение (анықтауыш)** отвечает на вопросы **қандай?** «какой?», **неше?** **қанша?** «сколько?», **несшінші?** **қаншасыншы?** «который?», **кімнің?** «чей? кого?», **ненің?** «чей? чего?» и выражается прилагательными, числительными, местоимениями, существительными, причастиями. Напр.:

Келетіндердің билеттері осында «Билеты приглашенных здесь».

Асанның кітабы «Книга Асана».

**1-жаттығу.** Мына сөйлемдерді бір-бірлеп көшіріп, анықтауыштың сұрағын жақшаның ішіне жазыңыз.

1. Желсіз түнде жарық ай. 2. Біздің топта 12 студент бар. 3. Бүгін біз опера театрына барамыз. 4. Иссапарға жүретін адамдар вокзалға келді. 5. Менің досым қол сағат сатып алды. 6. Бөлменің дәл ортасында дөңгелек үстел тұр. 7. Кішкене үйдің қасында биік жаңа үй тұр. 8. Менің інім биыл оныншы класты бітіреді.

**2-жаттығу.** Мына сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіздің жақта қыс қандай болады? (ұзақ па, қысқа ма?). 2. Сен қандай ауа райын ұнатасың? (жылыны ма, суықты ма?). 3. Мынау нешінші бөлме? (сегізінші ме, тоғызыншы ма?). 4. Қандай жаттығуды орындап отырсың? (қиынын ба, оңайын ба?). 5. Қандай сүт ішесің? (жылы ма, суық па?). 6. Сенің әжең қандай адам? (оқыған ба,

оқымаған ба?). 7. Сенің үйің қайда (жақын ба, алыс па?). 8. Сен қай қабатта тұрасың? (үстінгі ме, астыңғы ма?)

*3-жаттығу. Мәтіндерден анықтауыштарды тауып, астын сызыңыз. Орыс тіліне аударыңыз.*

### **«Сымбатты» сиыр жайлы хикая**

Ерте заманда жануарлардың ішінде ең жүйрігі де сымбаттысы да сиыр болыпты. Сиырға ілесе алмапты. Келе – келе сиырға менмендік, өркөкіректік пайда болады.

Бірде ол жайылымда жүрген жылқыға кездесіп:

–Ей, ашқарақ, менің сөзіме құлақ сал. Сен өмірі күйіс қайтармайсың, жетер осы жайылғаның. Менімен жарысасың ба? – дейді.

–Мейлі, жарыссақ жарысайық, - деп жылғы келісімін береді.

Олар өздеріне межелі жерді белгілейді. Жолдың ортасында кәдімгі суыр жарысқандарға су беріп, дем беріп отырды.

Ә дегенде – ақ сиыр құйрығын шаншып алып, жылқыдан озып кетеді. Орта жолда ол:

–Суыр пасық, су қайда? – дейді көкіректеніп.

–Сиыр пасық, су мұнда! – деп ызасы келген суыр сиырға боржып, тұрып қалған суды ұсынады. Сиыр қарамастан сіміріп салады да, тасырлатып әрі шауып кетеді. Сиыр бір қыр асқан соң жылқы еңтігіп жетіп, суырға:

–Суыр сұңқар, су қайда? – дейді.

–Жылқы тұлпар, су мұнда! – деп суыр риза болып жылқыға салқын, таза суды ұсынады.

Салқын су бойын ширатқан жылқы сиырдан озып межеге бұрын жетеді.

Міне, содан бері жылқы баласы сұлу да сымбатты, жүйрік болыпты. Ал сиыр сол оқиғадан соң демігіп жүгіре алмай, шабан жүрісті болып қалған деседі.

### **Жыл басына таласқан хайуанаттар**

Бұрынғы ерте заманда хайуандар жыл басы болуға таласыпты.

Сонда жылқы айтыпты:

- Мен алысты жақын қыламын. Күшімді болса көреді, сүтімді болса ішеді, қылыма шейін арқан, жіп еседі. Адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл басы мен боламын, - дейді.

Сонда түйе айтады:

- Сен адамның жұмысын қылсаң, сұлы, шқп асайтын тамағың үшін құл болдың, міне сен көтере алмайтын ауырды көтеріп, неше айшылық алыс жерлерге барамын. Аш болдым деп арпа, сұлы сұраймын. Көде болса көде, жусан болса жусан, не кез келсе, соны қорек етіп, табылса су ішіп, табылмаса шөлде де жолға жүре беремін. Жыл басы болу маған лайық, - дейді.

Сонда сиыр:

- Адам егін ексе менімен егеді, сүтімді ішеді, құрт, май істейді. Жыл басы болу маған лайық, - дейді.

Сонда қой:

- Мен болсам, қазақ үйін немен жабар еді, жүнімді алып киіз басады, жабағымнан киім тігеді, арқан, жіп еседі. Сүтімнен құрт, май алады, шаруаға менен пайдалыларың жоқ, - дейді.

Сонда ит:

- Мен болмасам, сендердің көбінді не ұрлап, не қасқыр жеп тауысар еді. Мен сендердің баршаларыңның бақташыңмын, дұшпан көрінсе үріп, абалап, иеме хабар беремін, - дейді.

Сонда әтеш:

- Мен болмасам, кісі ерте жұмысына бармай ұйқтап қалар еді. Мен таңертең тұрып, таң атты деп шақырып хабар айтамын. Кеш болса, жатар мезгіл болды деп, тағы шақырамын, - дейді.

Тышқан не айтарын білмей тұрды да, бір түрлі қулық ойлап, жиналған көпке былай деді:

- Бұл таластан еш нәрсе өнбес, жылды қарап тұралық та, кім бұрын көрсе, сол жыл басы болсын.

Өзгелері жыл қарап тұрғанда, түйе өзінің бойына сеніп: «Менен бұрын кім көреді» деп тышқанның сөзін қоштап, бәрі қарасып тұрады. Біраздан соң тышқан жорғалап, түйенің үстіне шығып, өркешінің басына мінеді де отыра береді. Көп хайуан таласып, біз көреміз деп тұрғанда, ең биікте отырған тышқанды көріп еш нәрсе демепті.

Сонан соң бәрінен тышқан бұрын көріп, хабар беріп, жыл басы болыпты. Түйе бойына сеніп құр қалыпты.

### **Халық ауыз әдебиетінің негізгі түрлері:**

а) тұрмыс-салт жырлары; ә) мақал-мәтелдер, жұмбақтар; б) ертегілер; в) эпостық жырлар; г) лиро-эпостық жырлар; д) айтыс өлеңдері; ж) тарихи жырлар, шешендік сөздер.

Халық ең асыл өнері – бай ауыз әдебиеті арқылы өзінің тарихын, халықтық рухын бейнелеген. Халықтың бүкіл тіршілігі өлең-жырларға арқау болған. Дүниеге жаңа келген жас нәрестенің алғаш құлағына шалынары да - ән-өлең сазы. Ойынқызық, той-думаны өлеңмен, әнмен өтеді. Өлген адамды да қайғылы өлеңмен жерлейді. Ұлы Абайдың: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең», - деуі де сондықтан. Демек, ең асыл мұрасы өлең-жыр болған қазақ халқы бүкіл өмір кезеңдерін сол жырларында әр түрлі жанрда өрнектеп бейнелеген.

Ауыз әдебиетінде кездесетін бір-екі шумақ өлеңдер мен әнге салып айтылатын өлеңдерден бастап, кейбір көңіл күйін білдіретін ұзақ жырларға дейінгінің бәрі лирикалық жанрға, ал ертегі, аңыз әңгіме, батырлар жыры – эпостық жанрға жатады. Оларды эпостық поэмалар деп те атаймыз. Бұл жырлар сюжетке құрылып, баяндау түрінде беріледі.

Эпостық жанрдың көлемді түрінің бірі – батырлар жыры («Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын» т.б.).

Эпостық жырлар – бір ел мен екінші елдің жауласуының, қоныс, жер, ел билеуге т.б. қатысты талас-тартыстардың елесі. Әңгіменің желісі де, мазмұны да сол екі ел арасындағы күрес, ерліктерді жырлау. Сонымен қатар эпостық жанрға жататын мысал үлгілері, қиял-ғажайып ертегілер де ауыз әдебиетінде аз емес.

Кейбір ертегілер тақырыбы, құрылысы жағынан роман түрлеріне жақын. «Алдар Көсе», «Тазша» әңгімелері ерте заманнан келе жатқан қысқа әңгіме (новелла) болса, «Азу сары, Керпішпай» ұзақ әңгімелерге ұқсайды.

Драмалық жанрдың ауыз әдебиетінде тек элементі ғана болмаса, шын мәнінде мұндай жанр жоқ. Қазіргі кездегі «Еңлік-Кебек», «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» тәрізді драмалық туындылар - жазба әдебиетінің жемісі. Қазақ әдебиетінде драмалық жанр ХХ ғасырдың алғашқы 15-20-жылында дүниеге келді. Ал ауыз әдебиетіндегі жар-жар, әр түрлі айтыс өлеңдер – драмалық жанрдың бастамасы, элементі.

### Соқыр күйші

Баяғы өткен заманда бір соқыр күйші болыпты. Ол халық арасында қобыз тартып күнелтіпті. Бір күні ел көп жиналған жерде күй тартып отырады. Жиналған қауым тиын тебенін беріп тараған кезде сәнді киім киген біреу келіп, шалдың қойнына қолын салады. Шал алдымен сасқалақтағанымен, артынан ұрының қолын ұстай алады да:

- Халқым-ау, тапа-тал түсте тонап жатыр! – деп айғай салады.  
- Өзің шіреніп киініп алыпсың, сөйте тұра ғаріп кісіге қиянат жасайсың. Ұялмайсың ба? – деп жұрт шуласады.

- Мен шалдың қалтасына садақа салмақ болып едім, қолымды ұстай алды, - дейді ұры.

Халық шал мен ұрыны қазының алдына апарады. Екеуін тыңдап болып, ұрыға ашуланған қазы ақыра бастайды. Сол кезде ұры ұялмастан:

- Мырза! Менің әке – шешем бай. Қайдағы бір соқыр шалға қиянат жасап не қылайын. Садақа бермек болып едім, қолымды ұстай алды, - дейді.

- Сен сияқты сұмды тәрбиелеген қандай әке екен? -деп тепсінеді.

- Мырза, сіз білесіз, -дейді сонда ұры.

- Сенің әкеңді де дарға асқызамын! – деп ақырады қазы. Ұры қазыға көзін қысып қойып:

- Әкемнің беті бұдыр, арқасы күдір, есімі – “Отыз күміс”, - дейді. Қазы ойланып қалады. Біраздан соң ұры мен шалды қаматып тастайды. Қараңғы түскен соң қазы мен ұры кездеседі. Ұры қазыға 30 күміс теңге санап береді. Ертеңіне қазы соқыр шалға:

- Сен кәпі қақпас, адал адамға жала жауып жүрсің! – деп зіркілдейді.

Шал жауап қатпай, отыра қалып, жерді қазып, тың тыңдайды. Бұған қазы таңданып, шалдан оның мәнісін сұрайды. Шал басын көтеріп:

-Кеше осы жерде әділет төрелік айтып еді. Сол әділет отыз теңгенің салмағын көтере алмай жердің тесігіне түсіп кетіпті. Не сол әділетті алам, не отыз теңгені алам, - деп жауап береді.

Қазы өз қателігін мойындап, ұрыны жазалайды. Соқыр күйшіге үлкен сый жасап, ат мінгізіп, аттандырып салады.

### § 3.5. Пысықтауыш

*Пысықтауыш* дегеніміз – сөйлем ішінде етістіктен болған мүшелермен синтаксистік байланысқа түсіп, іс-қимылдың амалын, мезгілі мен мекенін, себеп-мақсаты мен сан-мөлшерлік сипатын білдіретін тұрлаусыз мүше.

Р/с	Пысықтауыш түрі	Нені білдіреді	Сұрақтары	Мысалдар
1	Мезгіл	Қимыл, іс-әрекеттің болу мезгілін, іске асу уақытын көрсететін пысықтауыш.	Қашан? Қашаннан бері? Қашанға дейін?	<u>Қазір</u> олар Әлидің үйіне бармақ.
2	Мекен	Қимыл, іс-әрекеттің бет алысын, шығу, жасалу орындарын білдіретін пысықтауыш.	Қайда? Қайдан? Қалай қарай?	Қанат пен Самат <u>осында</u> отыр.
3	Қимыл-сын	Қимылдың, іс-әрекеттің қалай болғанын, сынын, мөлшерін білдіретін пысықтауыш.	Қалай? Қайтіп? Қанша? Неше рет? Кім арқылы? Не арқылы?	Машина <u>алтыс</u> <u>километр</u> жүрді.
4	Себеп	Қимыл, іс-әрекет процесінің болу себебін көрсететін пысықтауыш.	Неге? Неліктен? Не себептен?	<u>Кешіккендіктен</u> оқушы сыныпқа кіре алмады.
5	Мақсат	Қимыл, іс-әрекеттің қандай мақсатпен, қандай оймен істелетінін білдіретін пысықтауыш.	Неге? Не үшін? Кім үшін? Қандай мақсатпен?	<u>Оқуға түсу</u> <u>үшін</u> Аамандық қалаға барды.

2) **Обстоятельство (пысықтауыш)** отвечает на вопросы **қайда?** «где?», **қашан?** «когда?», **қалай?** «как?», **қанша** «сколько» и чаще всего выражается наречиями. Напр.: Біз Жаңа жылды қуанышпен қарсы алдық. «Мы с радостью встретили Новый год».

1-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп жазып, пысықтауыштың астын сызыңыз және жақшаның ішіне сұрағын жазыңыз.

Кеше біз жиналыс өткіздік. Студенттер көп жиналды. Аудиторияның ішінде мұғалімдер де, студенттер де отырды, жиналыс өте қызықты өтті. Жиналыс кеш бітті. Ешкімнің кеткісі келмеді. Жатақханаға бәріміз бірге келдік, бөлмеде отырып, көп әңгімелестік. Келесі айда тағы жиналыс болады. Оған міндетті түрде қатысамыз.

2-жаттығу. Көп нүктенің орнына қажетті пысықтауышты қойыңыз.

1. Менің әкем ... істейді. 2. Саған ... барамын. 3. Мәтінді ... жаттап ал. 4. ... қар ериді. 5. Мен ... жылы тудым. 6. Біздің ... базар бар. 7. Мен ... жақсы сөйлеймін. 8. Біз Жаңа жылды ... қарсы алдық. 9. Киім сататын дүкенде ... адам бар. 10. Мен оған ... айттым. 11. Ол мұнда ... келді. 12. ... жауап бер.

3-жаттығу. Қарамен жазылған сөздердің орнына басқа сөздер қойып жазыңыз.

— Таня, сен қазақша білесің бе?

— Онша емес. Аздап білемін.

— Немісше қалай сөйлейсің?

— Немісше өте жақсы сөйлеймін.

— Үйге хатты қай тілде жазасың? Орысша ма, қазақша ма, немісше ме?

— Мен үйге хаты орысша да, қазақша да, немісше де жазамын.

- Әкең, шешең қалай түсінеді?  
— Үйде ағам бар. Ол үш тілді де жақсы біледі.  
— Онда жақсы екен.

*4-жаттығу. Мәтіндерден пысықтауыштарды тауып, астын сызыңыз. Орыс тіліне аударыңыз.*

### **Әже мен немере**

Белі бүгіліп, бойындағы бар күшін тауысқан қарт әже еңкейе басып жүріп келеді. Мұны көріп, алдынан жүгіріп шыққан немересі:

—Әже, әже, айтшы, не іздеп жүрсіз? Бір нәрсе жоғалтып алдыңыз ба? – депті.

—Иә, балам, жастығымды жоғалтып алып, соны іздеп жүрмін, - деп әжесі жерге еңкейе түсті.

Сонда немересі қарсы алдына кеп, тұра қалды:

- Жоғалтқаныңыз алдыңызда тұр ғой, әже!

—О, құлыным!... Менің жастық шағым сен екенсің ғой, - деп мейірлене бетінен сүйді әжесі.

### **Зеректік**

Үш жолаушы келе жатса, алдынан бір адам қарсы шығып:

—Беймезгіл жүрген түйе көздеріңе түспеді ме? – деп сұрайды.

Жолаушының біреуі:

—Түйенің оң көзі соқыр ма еді? – дейді.

Жоқшы:

—Ие, - деп басын изеді.

Екінші жолаушы:

—Түйенің сол жақ артқы аяғы ақсақ па еді? – деп сұрайды.

—Дұрыс! Сол жақ артқы аяғының сылтыңы бар еді, - дейді.

Сонан соң үшінші жолаушы:

—Түйенің құйрығы шолақ па еді? – деп сұрайды.

Жоқшы:

—Иә, құйрығы шолақ, - деп асығып жауап береді де: -

—Ол түйені қайдан көрдіңдер? – деп сұрай бастайды.

Жолаушылар:

—Көргеніміз жоқ, - дейді.

—Көрмесеніздер, түйемнің белгісін қайдан білесіндер? Түйемді сендер ұрладыңдар!

— деп жоқшы жабыса кетеді.

Жолаушылар:

—Ау, жаным, денің сау ма? Түйенді ұрламақ түгіл, көргеніміз де жоқ, - дейді.

Жоқшы бұл жауапқа қанағаттанбайды. Төртеуі бір биге келіп жүгінеді. Би сұрастыра келе:

—Ұрамасандар, көрмесендер, ол түйенің бейнебелгісін көрген кісідей анықтап, байқап, қайдан білдіңдер? – дейді.

Жолаушылар:

—Біз ұры емеспіз, мал баққан, малмен көзімді ашқан шаруалардың балаларымыз, сондықтан білдік, - деп жауап береді.

—Қалай білдіңдер? – деп, би қайта сұрайды.



Жолаушылар:

–Түйенің оң көзі соқыр ма еді? – дегеніміз: түйе бара жатып, ылғи жолдың сол жағындағы шөпті жепті, оң жағындағы шөпті жемепті. Аяғының ақсағын білгеніміз: тұрған жерінде, артқы сол аяғын көтеріп тұрыпты. Түйенің құйрығы шолақ екенің білгеніміз: құмалақ тастағанда, алысқа жіберіпті. Шолақ түйенің құмалағы алысқа түседі, құйрықты түйе құмалағын алысқа тастай алмайды, - депті.

### **Еңбекпен ел көгерер**

Ерте заманда ағайынды төрт жігіт болыпты. Олардың үшеуі бірінен бірі өткен кер жалқау, шарауға қыры жоқ берекесіз екен. Ал ең кішісі еңбексүйгіш малжанды көрінеді. Сыншыл жұрт ағайынды төртеудің мінезіне қарай, оларға жанама ат қойып, айдар тағыпты.

Жалқаулардың ең үлкені қурай басын сындырмай, шалқасынан жатып алып, шырт түкіріп қойып, малын сонауға айдатып жіберетін көрінеді. Сондықтан оны «Түүсонау» деп атапты. «Малымды байқай сал, көре сал» деп өткен – кеткендерге тапсырып қана, өзі дәйім үйінде жүретін жалқауға «Көресал» деген ат беріліпті. Малына тек сырттай камқорсып, «айдай сал» деп, көрінгенді жұмсай салатын жігіт «Айдайсал» атаныпты.

Ағайындылардың кенжесі айранын ұрттап, қойын құрттап, малын өзі бағыпты.

Бір жұтта «Түүсонаудың» малынан түк қалмапты, «Көресалдың» малы көп өліпті. «Айдайсалдың» да малы аз қырылмапты.

Ал өзі бағып – күткен еңбекшіл жігіттің малы жұтамай, қыстан аман шығып елін аштықтан құтқарыпты. «Еңбекпен ел көгерер» деген нақыл осыдан қалыпты деседі халық.

### **Жалқау мен немере**

Баяғы өткен заманда әжесі мен немересі болыпты. Әбден қартайғандықтан әжесі жұмыс істей алмайды, тек жата береді екен. Ал немере қызы болса өте жалқау, еріншек болыпты.

Көктем келеді. «Жұрттың бәрі тырбанып бір нәрсе егіп жатыр, біз де ішіп – жеуге бір нәрсе егіп алуымыз керек қой», - деп ойлады да әжесі бұл ойын немересіне айтады.

–Әже, керегі жоқ. Сен әбден қартайдың, күзге салым өлесің. Сонан кейін бір мейрімді адам табылып, мені асырауға алмас деймісің, егіннің бізге не қажеті бар? – дейді немересі.

Сөйтіп олар егін екпейді.

Күз де болады.

Жұрт егінін жинай бастайды. Әжесі өлмейді, сөйтіп немере қызын ешкім тәрбиесіне алмайды.

Бір күні көрші әйел келіп, әжесі мен немересінің ішіп – жейтін бір түйір дәні жоқ екенін көріп:

–Тым болмаса, біздің үйге келіп шамалы тары алсаң болмас па еді! – дейді.

Көрші әйел кеткен соң, кемпір немересіне:

–Қызым, барып бірер тостаған тары алып келсеңші! – дейді.

–Бармай – ақ қойсам қайтеді, әже? Мүмкін, оның тарысы жаман шығар... – дейді немересі.

Әжесі мен немересі қыс бойы ашығып, өлудің аз – ақ алдында болады. Енді күн жылып, жер қарайып, көктем басталысымен немересі жұмысқа шығып, егін еге бастайды.

– Еңбектеніп керегі не? Әжең болса әбден қартайды, өлуіне аз – ақ қалды. Ал сені біреу – міреу тәрбиесіне алады. Сендерге егінің не қажеті бар? – деп күледі көршілері.

Қыз еш нәрсе деп жауап қайтармайды, тек қана ол: «Қыс азығыңды жаз дайында», - деген мақалды есіне түсіреді.

### **Байлық пен ақыл**

Бір шалдың төрт ұлы болыпты. Бір күні ол ұлдарын жинап алып:

– Балаларым, мен болсам қартайдым. Сендер ержеттіңдер. Кімнің ақылы мен байлығы сай болса, сол менің мұрагерім болады. Әрқайсысының маған байлықтарың мен ақылдарыңды көрсетіңдер, - депті.

Үлкен ұлы асыл тасты жүзік салған қолын көрсетіп:

– Міне, менің байлығым. Ал кім бай болса, сол ақылды, - депті.

Екінші ұлы асыл киімдерін киіп, әдеміленіп келеді де:

– Мені осы қалпымда көргендер ақылым мен байлығымның алдында бас иеді, - дейді.

Үшінші ұлы күміспен, асыл тастармен әшекейленген белдігін буынады да:

– Мұндай белдікті ешкім, ешқашан буынып көрген жоқ, - дейді.

Әкесі үлкен балаларына қарап басын шайқайды. Енді ең кіші ұлына қарап:

– Сен неге үндемейсің? Сен қандай байлығыңмен мақтанасың? – дейді. Сонда кенжесі былай депті:

– Менде асыл тасты жүзік те, сәнді киім де, қымбат тастармен әшекейленген белдік те жоқ. Тек еңбек сүйгіш екі қолым, қайрат-жігерге толы жүрегім ғана бар.

Шал кенже ұлының жауабын ұнатып, риза болыпты. Оны өзінің мұрагері етіп, қалдырыпты. Ал үлкен балаларына інісінің айтқанынан шықпауды өсиет етіпті.

### **Ақыл, Ғылым, Бақыт**

Ақыл, ғылым, бақыт үшеуі Ақиқаттың алдына келіп, сарапқа түседі. Ақиқат әрқайсысына жеке-жеке тоқтап, мынадай баға беріпті.

– Ей, Бақыт, сен тұрақсызсың. Орныңды таңдай білмейсің. Басына қонған жанның көзіне шел, көңіліне желік бітіресің. Күндердің күнінде лақтырып тастап кетесің. Ақылмен тізе қос, сонда көп жасайсың!

– Ей, Ғылым, дүниеде жаратылысы сенен күшті не бар? Қажет болса, қара тасты қайнатасың, сақауды сайратасың, жоқтан бар, бардан жоқ жасайсың. Он сегіз мың ғаламды билеп – төстеуді көздеп, адамзатты кейде түзік, кейде бұзық жолға саласың. Асылы, абырой алғың келсе, Ақылдың етегінен ұста!

– Ей, Ақыл, патшаға да, пендеге де өзіңнен артық дос жоқ. Бір кемшілігің – Ашу үстіңе кіріп келгенде орныңды беріп шығасың да кетесің. Кейін Ашудың бүлдіргенін жамап – жасқаймын деп тағы әлекке түсесің. Әуелден от басында кірпік қақпай отыратыныңды білсе, Ашу сенің үстіңе кірмеген болар еді. Менің тілек –

батам; «Ақыл, сен адам бол. Ғылым, сен ат бол. Бақыт, сен қамшы бол. Үшеуің біріксең, ешбір мұң – мұқтаждарың болмас», - депті.

*Мәтінді орыс тіліне аударыңыз.*

1. Ақиқат бақытқа қандай баға берді?

2. Ақиқат ғылымға қандай баға берді?

3. Ақиқат ақылға қандай баға берді?

4. Ақиқаттың бақыт, ғылым, ақылға берген тілек-батасының мағыналарын түсіндіріңіз.

5. Ашу мен ақылға қатысты мақал-мәтелдер тауып жазыңыз.

6. «сарапқа түсу», «көзіне шел, көңіліне желік бітіру», «ақылмен тізе қосу», «абырой», «от басында кірпік қақпай отыру» сөздерінің әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, түсіндіріңіз.

### **Асқан асыл сыйлық**

Ілгері заманда Отырар шаһарында бір саудагер болыпты. Оның үш қызы бар екен. Күндердің күнінде саудагер алыс елдерге сауда жасауға аттанбақ болады да үш қызын шақырып;

–Ал, шырақтарым, мен алысқа сапар шеккелі отырмын. Сендерге не сыйлық әкелейін, қалауларыңды айтыңдар, - дейді .

–Әке, маған бір тізбек ең асыл маржан әкелерсің, - дейді үлкені.

–Ал маған, - дейді ортаншысы, - көйлектік ең әдемі жібек әкел.

–Екі қыздың айтқанын тыңдаған саудагер сүйікті кенже қызынан;

–Ал, саған қандай сыйлық әкелейін? – деп сұрайды.

–Жан әке, егер сіз аман – сау оралсаңыз, содан артық сыйлық болмас. Ал егер сыйлықты атау қажет болса, онда қай елде болсаңыз да, пісірген наныңыздың күлін тастамай жинап әкеліп беріңіз, - дейді ол.

Саудагер қызының тілегіне танданғанымен қарсы сөз айтпайды.

Әр елді аралап саудагер ұзақ жүреді. Қайтатын мезгіл таянғанда қыздарының тілегін орындап, бағалы сыйлықтарын алады да, елге қайтуға жиналады.

Үйдегі қыздары оны асыға күтіп отырады. Үйге аман есен оралған әкесі екі қызына бағалы сыйлықтарды беріп, кенжесіне күл салған дорбаны ұстатып тұрып;

–Қызым, мен сенің де тілегіңді орындадым. Бірақ осындай сыйлық әкелгеніме өзім ұялып тұрмын, - дейді.

Қызы үндемейді. Дорбаны алып, аузын ашып қояды да, сүйікті итін шақырады. Ит күлді иіскейді де, мұрнын шүйіріп теріс қарайды. Иттің әрекетін көрген қыз әкесіне;

–Жан әке, жат елде біреу сізді нанмен уландырмақ болып, нан пісіретін отқа у тастаған екен. Егер осы у денеңізге дарығанда ауырып қалар едіңіз. Қайтыс болуыңызда мүмкін еді. Ал сіз денеңіз сау, аман оралдыңыз. Осы маған ең асыл бағалы сый! – дейді.

Саудагер бұдан соң кенже қызын бұрынғысынан да ерекше жақсы көріпті.

### **Асыл дәрі**

Бір жолаушы арып – аршып, алыстан жол жүріп келе жатады. Біршама уақыт өткеннен кейін алдынан жалғыз лашық көрінеді. Аштықтан әлсіреген жолаушы үй иесіне келіп, жүрек жалғарлық бірдеңе сұрайды;

–Аштан өліп барамын, қайырымды жан! Маған ас бер. Қалтамда көк тиыным жоқ, бірақ осының есесіне мен саған ақшадан да қымбат нәрсе сыйлаймын. Ол – адамды өлім аузынан алып қалатын асыл дәрі. Осы кезге дейін бұл сырды ешкімге айтқан жоқ едім. Қайырымдылық қылсаң, саған сол ғажайып сырды ашып берейін. Үй иесі көп ойланып тұрмай күріш басуға кіріседі. Қонағының алдына тамақ әкеліп қойып;

–Енді жаңағыңның құпиясын айтшы, - дейді үй иесі.

–Оны айтып жатудың қажеті жоқ . Маған еріп жүр! Бәрін де өз көзіңмен көресің! – дейді жолаушы.

Үй иесі жолаушыға еріп жолға шығады. Жолаушы үндемей еріп жүре беріпті. Жайқалып өсіп тұрған күрішке таяп келіп, жолаушы бір сабағын жұлып алып қайырымды үй иесіне ұсынады.

–Мінекей, мен айтқан ғажайып нәрсе осы. Бұл адам баласын ажалдан құтқарып қалатын дәрі. Өзің ойлашы, осы күріш болмаса мен кеше – ақ әлсіреп өліп кетер едім. Не нәрсе адамға қысылған кезінде дәрмен болса, асыл дәрі сол, - депті де жолаушы үй иесіне рахмет айтып, өз жөнімен кете беріпті.

### **Хан мен кедей жолаушы**

Ертеде бір кедей жолаушылап жүріп, иесіз даламен Бұхар шаһарына келіпті. Қалаға кірген бетте ол тұп – тура ханның сарайына барады. Ханның ауызғы үйіне киімін шешіп, жайланып, қоржынынан азығын алып жей бастайды. Хан жендеттері әлгі жолаушының ешқайда мойнын бұрмастан тіке ханның үйіне кіргенін көріп, қайран қалады. Сасқандарынан не қыларын білмей тұрып, ақырында жолаушыны қуа бастайды. Жолаушы;

–Қумандар, кішкене дем алған соң өзім – ақ кетемін, - дейді .

–Сен бұл арада неғып отырсың? – деп ашуланып сұрайды күзетшілер.

–Тамақтанған соң, екі сағаттай демалып, жөнелем, - дейді жолаушы.

Күзетшілері ханға барып жағдайды баяндайды. Хан келіп;

–Ей, әдепсіз кедей, менің сарайым саған қонақ үй емес! – деп айғай салады.

Бұл үй сенің сарайың ба? Бұхараның ханы, айтшы, бұл сарайда сенен бұрын кім тұрды? – деп ханнан асықпай сөз сұрапты.

–Менің әкем тұрды, - депті хан.

–Сенің әкеңнен бұрын кім тұрды? – деп сұрайды жолаушы тағы да.

–Бұл үйде менің атам тұрды, - депті хан.

–Атаңнан бұрын кім тұрды? – дегенде;

–Атамның әкесі тұрды, - депті.

–Сенен соң бұл сарайда кім тұрады? – деп жолаушы сұрағанда;

–Менің балам тұрады.

–Сенің балаңнан кейін кім тұрады?

–Менің немерем тұрады. Құдай бұйырса, менің тұқымымнан әйтеуір біреу тұрады да, - деп хан жауап береді.

–Мінекей, байқасаңыз, бұл сарайда бір адамнан соң бір адам тұрады екен. Олай болса, сіздердің бәріңіз бұл үйде қонақсыздар.

Ашуланған хан ойланып тұрып, нөкерлеріне; «Жолаушыға тамақ, сый беріңдер!» - деп әмір қылыпты. Жолаушы тамағын жеп, дем алады да;

–Мен жолаушымын, маған мұндай сый керек емес. Дүние – мүлік адамға жолдас болмайды. Бәріміз де бұл өмірге келген қонақпыз. Сондықтан әркім Құдайдың өзіне берген несібесіне қарай көрінеді де, - деп сыйдан бас тартыпты. Бұған хан разы болған екен.

### **Еңбекқордың есесі түгел**

Бай мен кедей көрші болыпты. Кедей еңбекқор екен. Үйінің жанына мал қора салудан қолы босамапты. Қора болғанда қандай. Жып – жылы.

Осы сенің есің ауысқан ба? – деп күліпті достары. – Қора салғаның не? Малың сыймай бара жатыр ма?

Кедей миығынан күліпті де қойыпты.

Сол жылы қыс өте қатты болады. Көрші байдың мыңғырған малы суыққа қырыла бастайды.

Ол еңіреп кедейге келеді де;

Малдарым қоранда қыстап шықсыншы. Аман шықса, көктемгі төлдері сенікі, - дейді.

Кедей байдың сөзіне келіседі. Сөйтіп, көктем шыға оның қорасы малға толып шыға келіпті.

«Қайратты ерге бақ тұрар», «Еңбекқордың есесі түгел» деген мақалдар осындай еңбекқор адамдарға байланысты айтылған болса керек.

### **Еңбекпен тапқан нан**

Баяғы өткен заманда бір бай болыпты. Бай қайырымсыз, қатал екен. Қол астындағы жетім бала ала таңнан тұрып ел жатқанша етсе де, бай жоқтан өзгені сылтауратып, оны қамшының астына ала береді екен. Күндердің күнінде бай баланы базардан күріш алып келуге жұмсайды. Көк базарда не жоқ десеңші! Тәтті тоқаштың иісі мұрын жарады. Самсаған өрік, мейіз, қауын, қарбыз ....

Ол базарды ұзақ аралайды. Бір уақытта қожайынының тапсырмасы есіне түседі. Тиісті күрішін сатып алады. Күн де кешкіріп қалыпты.

Бала қала шетіндегі қожайынының үйіне жеткенше асығады. Кенет бір кембағал бейшара алақанын жайып;

-Балам, қайырым етші, бірнеше күннен бері ашпын, - дейді жалынып.

Қайыршыны аяп кеткен бала қолындағы дорбасын бере салады. Бала міңгірлеп, күрішті аш – жалаңаш қайыршыға бергенін түсіндіреді. Бай оны есінен тандыра сабайды да, қамап тастайды. Бір мезгілден соң бала есін жияды. Айналасы жап – жарық, өзі айдалада жатыр екен. Жанында баяғы қайыршы отыр. Қолында бір дорба күріші бар.

-Тұр, балам, егін егетін уақыт болды, - дейді қайыршы.

Мына жерге еге бер, - дейді қайыршы өзен жағасындағы кең алқапты және өгіз жегіліп дайын тұрған соқаны нұсқап.

Бала атып тұрып іске кіріседі. Жер жыртып күріш егеді. Талмай күтіп, суғарады. Күріш піскенде төкпей – шашпай жинап алады. Сонда баяғы қайыршы; Балам, мен сені сынаған едім, одан аман өттің. Саған жолыққан бақ едім, батамды бердім, - депті де, ғайып болыпты.

Сөйтіп жетім бала маңдай терімен еңбек етіп, өмір бойы жоқшылық көрмей өткен екен.

## Ең қымбат байлық

Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, қырғауыл жүні қызыл, құйрық жүні ұзын кезде дәл біздің осы күнгі жалқау балалар сияқты сидам сирақ жастар өте көп болыпты. Әдетте жалқаулардың құрғақ уайымға көп салынатын әдеті ғой. Сондай жалқаудың бірі;

-О, Жаратқан ием – ай, жарық дүниеге әдейі әкелген соң дәулетті шалқыған бай етіп жаратсаң етті! Жалғанды жалпағынан басып шалқып өмір сүретін жасымда, ішсем тамаққа, кисем киімге жарымай жүрген түрім мынау! – деп уайымдапты. Оның мұңын естіп қалған бір ақсақал;

-Ей, қарағым, сен несіне қайғырасың? Байлықтың бәрі өзінде тұр ғой, - депті.

Ақсақалдың сөзін мені мазақтағаны деп түсінген жігіт;

-Сіз қайдағы байлықты айтып тұрсыз? – деп ашуланыпты.

Ақсақал ештеңе болмағандай сабыр сақтай отырып;

-Шырағым, сен андағы екі көзіңді маған сатшы. Мен саған қалағаныңша алтын, күміс берейін! – дейді .

Жігіт ашуланып;

-Екі көзден айырылғаннан кейін сіздің алтын, күмісіңіздің керегі не? Ондай байлығын өзіңе!

Ары қарай он екі мүшесіне біртіндеп саудаласып, сұрай бастаған ақсақалға әбден ашуы келген жігіт;

-Ат басындай алтын берсеңіз де ешқайсысын сатпаймын! Өйтіп мүгедек болар жайым жоқ! – деп кесіп тастапты.

Сонда барып ақсақал;

- Е, ендеше адамның ең қымбат байлығы – денінің саулығы. Сен сияқты төрт мүшесі түгел адам – бай адам. Оны ешқандай алтын, күміске айырбастап ала алмайсың! – деген екен.

*Мәтінді орыс тіліне аударыңыз*

1.Жалқау қалай уайымдады?

2.Ақсақал жалқаудың уайымына қандай түсінікпен жауап береді?

3.Ақсақал жалқау жігіттен нені саудалап сұрайды?

4.Жалқау жігіт ақсақалға саудаласқысы келмей, кесіп айтып тастауының сыры неде?

## **Қосымша тапсырмалар:**

### **Қазақтың мақал-мәтелдері (казахские пословицы и поговорки)**

Отызында орда бұзбасаң, қырқында қырып келдім дегеніңе ешкім сенбейді. – Если в тридцать ничего не совершил, в сорок не поверять твоим подвигам.

Батырдың атын жау шығарады, шешеннің атын дау шығарады. – Имя оратора спор выявляет, имя батыра враг называет.

Тәуекелсіз іс бітпейді, тәуекел етпеген арықтан өтпейді. – Не рискнешь – дело не свершишь, струсишь – через арык не прыгнешь.

Тәуекелдің кемесі суға батпайды. – Лодка смелого и в шторм не утонет.

Уайым түбі тұңғыық, батасың да кетесің, тәуекел түбі жел қайық, мінесің де өтесің. – Тоска – море, погрузишься в него – и утонешь; риск–лодка, доверишься ей и выплывешь.

Ерлік білекте емес, жүректе. – Храбрость не в силе, а в сердце.

Жомарт бергенін айтпас, ер айтқанынан қайтпас. – Щедрый не напомним о том, что давал; джигит не отступит от того, что сказал.

Ақылдан асар амал жоқ, батылдар алмас қамал жоқ. – Нет хитрости, которой ум бы не разгадал; нет крепости, которой смелый бы не взял.

Әркімнің өз жері – жұмақ. – Каждому родная земля – рая.

Үйде оңбаған, түзде де оңбайды. – Если не нашел счастья дома, не обратись и на чужбине.

Туған жердің ауасы да шипа. На Родине и воздух – лекарство.

Адамгершілікке арналған үш сауап бар; шөлге құдық қазған бір сауап; өзенге көпір салған бір сауап; жолға ағаш еккен бір сауап. – Три дела человеку делают честь; колодец, вырытый в пустыне; мост, проложенный через реку; дерево, посаженное у дороги.

Еңбек – адамның көркі, адам заманның көркі. – Труд украшает человека, а человек – свое время.

Ормансыз жер – жалаңаш, армансыз ер – жалаңаш. – Человек без мечты, что земля голая без леса.

Адам қайғысы – заман қайғысы. – Заботы человека – заботы общества.

Адамның ұяты бетінде, адамгершілігі ниетінде. – Совесть человека на лице, а человечность в поступках.

Халық қатесіз сыншы. – Народ – безошибочный судья.

Жер шежіресі – ел шежіресі. История земли – это история народа.

Көп күлкісі күннен де жылы. – Улыбка народа солнца теплей.

Көптің көзі көреген, қолы береген. – У народа глаза зоркие, а руки щедрые.

Қимас досың сұраса, қимасыңды берерсің. – Для друга сердечного от сердца отрывают.

Ағаш тамырымен, адам досымен мықты. – Дерево крепко корнями, человек – друзьями.

Жаман жолдастан мықты таяқ артық. – Крепкая палка лучше плохого попутчика.

Дос сыртыңа мақтар, дұшпан көзіңе мақтар. – Друг хвалит за глаза, враг – в глаза.

Жаман жолдастан жақсы дұшпан артық. – Достойный враг лучше плохого друга.

Досы көппен сыйлас, досы азбен сырлас. – Дружи с тем, у кого приятелей много, откровенничай с тем, у кого друзей мало.

Көршің қолайлы болса, қораң кең. – Когда сосед по душе, в тесном дворе просторно.

Әңгіме жол қысқартады. – Приятная беседа дорогу сокращает.

Жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше. – Коня сторонятся пока не перекликнутся, люди пока не разговаряются.

Жаңа дос келгенде, ескі достың көзінен жас шығады. – Увидев у тебя нового друга, старый роняет слезу.

Жартыны жарып жеген – татулықтың белгісі. – Настоящие друзья все делят поровну.

Түстік өмірің болса, кештік мал жина. – Если жить осталось до обеда, делай запасы, чтобы хватило на вечер.

Дос бергеннің түсіне қарама. – Подарок друга берут, не разглядывая.

Дос тұтқанды қадірле. – Уважай всякого, кто хочет жить в дружбе.

Айрылмастай досыңа қайырылмастай сөз айтпа. – Другу неразлучному не говори слов разлучающих.

Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың. – Будешь выбирать легкую работу, трудная достанется.

Көңілсіз бастаған іс көпке бармайды. – Дело, начатое без души, начатым и останется.

Жалқауға от басы айшылық жер. – Ленивому расстояние до печи – месячный путь.

Еңбекшіге әр күн сәт, еңбексізге бір күн сәт. – Трудолюбивого ждет удача каждый день, бездельника – раз в году.

Жүріп шаршаған, тұрып тынығады, тұрып шаршаған, отырып тынығады; отырып шаршаған қалай тынығады? – Уставший ходить, стоя отдохнет; уставший стоять, сидя отдохнет; а уставший сидеть – как отдохнет?

Еріншектің ісі – екі. – Лень из одной работы две делает.

Істеу қиын, сынау оңай. – Советовать всегда легче, чем самому делать.

Нені кем тұтсаң, соған зар боларсың. – В том всегда нужда, чего нет под рукой.

Аттыға жаяу жолдас болмас. – Конный пешему – не товарищ.

Ай бетінде де дақ бар. – И на Луне есть пятна.

Алтынды тот баспайды. – Золото не ржавеет.

Барлық жарастырады, жоқтық таластырады. – Достаток недостатки сглаживает, нужда еще больше оголяет.



## Студенттерге өз бетімен оқуға арналған мәтіндерге қойылатын талаптар:

- еңбекте берілген танымдық-мәдени ақпараттармен қамтамасыз ету мақсатын көздеген мәтіндерді толық оқып, мазмұнымен танысу тиіс;
- жекелеген мәтіндерге аударма жұмыстарын жүргізу;
- мәтіндерден Маңғыстау өлкесінің жер атауларын теріп жазып, географиялық жағынан орналасу тұстарына тоқталу;
- мәтіндер ішінен термин сөздерді теріп жазу;
- мәтіндерден бұрын кездестірмеген, өздеріне түсініксіз сөздерді көшіріп жазып, сөздіктермен жұмыс жүргізу;

### *Мұнай туралы мәлімет*

**Мұнай** – сұйық табиғи шикізат. Ашық сары, жасыл жәе қошқыл қоңыр кенді, кейде қара түсті болып келетін, ультракүлгін сәулелерден жарық шығаратын сұйықтық. Генетикалық тұрғыдан алғанда мұнай шөгінді жыныстар қабатымен бірге көмілген, көбіне көмірсутектің түрленіп терең өзгерістерге ұшырауынан жаралған. Заттың өз алдына оқшауланып шоғырлануынан жиылған табиғи концентрат болып саналады.

### *Мұнай өндірісінің тарихы*

Мұнайды жағар жарық, емдік заттар ретінде қолданғандығы және оның Қосөзен (Месопотамия), Қытай, т.б. Шығыс елдерінде өндірілгендігі жөніндегі деректер Вавилон қолжазбаларында сақталған. Апшерон түбегінің мұнайы екі мың жылдай уақыттан бері белгілі. Жайық Жем алабы мен таулы Маңғыстауда жер бетіне шығып жатқан. Тайыз құдықтарға жиылған мұнайды қазақтар ерте кезден пайдаланған.

Ресейде алғашқы мұнай зауыты 1745 жылы Уахта өлкесінде салынды. Алғашқы мұнай қондырғылары 1848 жылы Бакуде, 1858 жылы Америка Құрама Штатарында (Пенсильвания) бұрғыланды. Қазақстан мұнай іздеу мен барлауға бағытталған бұрғылаулар 1892 жылы Жайық-Жем алабында басталды. Осындағы Қарашүңгіл мұнай кенінде 1899 жылы бұрғыланған номері жетінші қондырғы қырық метр тереңдіктен тәулігіне жиырма бес тоннаға дейін мұнай өндіреді.

Осында көп ұзамай мұнай беретін фонтан атқылады. Екінші күшті мұнай фонтаны 1911 жылы 29-сәуірде Доссорда бұрғыланды. 1914 жылы Мақат мұнай кені пайдалануға берілді. Мақат пен Доссорда өндірілген мұнай 1914 жылы 272746 тоннаға жетті.

### *Мұнайдың геологиясы мен жаралу жолдары*

Мұнайдың кендері мен оның бетіндегі белгілері тереңде жатқан мұнай иірідерімен байланысты бола бермейді. Олар шөгінді тау жыныстарында орналасады. Мұнай тау жыныстарының қуыстары мен жарықтары арқылы қозғалып, өзінің бастапқы жаралған орнынан едәуір алысқа көшеді. Сондықтан, көптеген мұнай кені кейіннен жаралған болып саналады. Бұл жағдай мұнайдың шығу тегі жөніндегі мәселені шешуді аса қиындатады.

Мұнайдың жер қабаттарында жиылған және жоғарғы қысым салдарынан көмірленген өсімдік қалдықтарынан жаралатыны жөніндегі болжамды алғаш рет 1763 жылы М.В.Ломоносов ұсынды. Д.И.Менделеев жер бетінен аса тереңге енген көміртегі-темір мен су жоғарғы жылу мен қысым жағдайында қосылысқа түсуінен жаралуы мүмкін деген пікір болды.

Мұнайдың генезисі (жаралуы) жөнінде көптеген ғалымдар әр түрлі пікірде болды. Олар: А.Д.Архангельский, И.М.Губкин, В.В.Вебер, Н.Б.Вассоевич, П.Смит, т.б.

Мұнай тудырушы (жаратушы) жыныстар сазды шөгінділердің қат-қабаты болып саналады. Бұл шөгінділерде олардың жалпы көлемі екі-алты пайыздай болады. Осы жыныстарда шашыраған жануарлар мен өсімдіктердің заттық қалдықтары, яғни мұнай тудырушы жыныстар екі-үш шақырымға не одан көбірек тереңдікке түскенде жоғарғы жылу мен қысымның әсерінен пайда болады. Мұнай, газ кендері түрінде қалыптасады. Сондықтан мұнай кені болып оның әуелі жаралған орны емес, оның кейін шоғырланған қазіргі аумағы аталады. Мұнай кендері бір қабатты, көп қабатты, ал иірімдері тұтас және көп қабатты болып кездеседі.

### ***Мұнай қоры және оны пайдалану***

Мұнай кендерінің зерттелу дәрежесі және олардың географиялық орналасуы біздің планетаның бұл саладағы мүмкіндіктерін әлі толық ашқан жоқ. Жер шарының мұнай табылуы ықтимал шөгінді жыныстары көп аймақтары толық барланған жоқ. Келешекте шөгінді жыныстардың аса қалың қабаттары тараған аймақтарда 5000 метр және одан да тереңде жатқан жыныстардың әлі бұрғыланбаған құнарлы қабаттарын бұрғылаудан мұнай қорының біраз артуы ықтимал. Осы себепті ғалымдардың болжауынша мұнай қорларына берілген баға бүкіл жер қойнауында жатқан мұнайдан шамадан біраз төмендеуге негіз бар. Қазіргі дамып келе жатқан елдерде мұнай мен сұйық көмірсутектерін тұтыну 1980 жылы екі ал 2000 жылы үш миллиард тоннаға жетеді деп есептелуде. Осы елдердің тек өздеріндегі мұнай кендерінен мұнай өндіру 1975 жылы екі миллиард, 2000 жылы үш миллиард тоннаға дейін өседі. Мұнай қорын арттыру үшін бөктерлік ойпандар зерттелуі керек.

Қазақстанда мұнай іздеу мен оның ірі кендерінің ашылу мүмкіндігі жер қыртысының аса ірі теріс мәнді элементтерінің бірінен саналатын Каспий маңы ойысының тұзды қабаты астындағы палезой шөгінділерімен байланысты. Одақ көлемінде мұнай өндіру 1975 жылы 400-500 миллионнан астам болды. Қазақстанда ашылған қырық мұнай кенінің жиырма тоғызы пайдаланылуда. Пайдаланылудағы кендердің үшеуі Ақтөбе, жиырма бірі Атырау, бесеуі Маңғыстау облысында.

### ***Мұнайдың құрамы және физикалық қасиеттері***

Мұнай сұйық көмірсутектердің метандық, нафтендік, ароматтық қатарларының күкіртті, азотты және оттекті қосылыстардың қоспаларынан тұрады. Мұнайдағы шекті көмірсутектерді метаннан, пропаннан, бутаннан бастап осы қатарға дейінгі көмірсутектерінен тұрады. Ароматтық көмірсутектері бензол мен дефилиннің туындылары болып саналады. Бұларда нафталин сияқты қоюланған жүйелер де ұшырайды. Нафтендер шекті және ароматтық көмірсутектер аралығынан орын алады.

Жеңіл мұнайлар елу-жүз градууста, ал ауыр мұнайлар жүз градустан жоғары температурада қайнайды.

Мұнайдың тығыздығы жоғарылаған сайын қайнау температурасы арта береді. Мұнайлардың құрамын анықтау үшін элементтік және фракциялық талдаулар қолданылады. Құрамына қарай мұнай бензинді-керосинді және бензинсіз болып ажыратылады. Мұнайларды көбіне айдау кезінде 13-15 пайыздан 16-20 пайызға дейін керосин, бензин шығады. Табиғатта метанды, метанды-нафтинді, аз күкіртті және құрамында екі пайызға дейін күкірті бар мұнайлар кең тараған. Мұнайдың электрлік кедергісі аса жоғары. Бұл қасиет жердің терең қойнауларындағы мұнай иірімдерін анықтау үшін электрлік жүйені қолдануға мүмкіндік береді. Мұнай сумен қосылғанда тұрақты, берік барынша мықты болады. Мұнайдың жылу шығарғыштық қабілеті күшті. Қазіргі заманғы іштен жанатын және реактивтік двигательдердің отындары, түрлі жағар майлар мұнайдан алынады. Химия өндірісінің көптеген салалары мұнай өнімдері мен мұнай газдарын өндіруге негізделген.

### ***Мұнай-газ кендері***

Мұнай-газ кендері – бірыңғай құрылымдық элементтермен сипатталатын жеке алаң қойнауында орналасқан мұнай мен газ иірімдері шоғырларының жиынтығы. Мұнай-газ кендері тек мұнай немесе газ түрінде және аралас мұнайлы-газды, газды-мұнайлы кендер түрінде ғана ұшырайды. Мұнай-газ кендері топталған иірімдердің жиыны түрінде кездеседі. Оқшауланған жеке кендер өте сирек болады. Олар жер қыртысының геологиялық элементтерімен заңды түрде байланысқан зор аймақтарды қамтиды. Мұнай мен газ сиыстырушы геологиялық-құрылымдық белгілі аудандық геология құрылысының және оған қоса ондағы мұнай жаралу мұнай-газ кендерінің қалыптасу жағдайларының ұқсастығымен сипатталады.

Қазақстанның мұнай-газ кендерінің дамуы әр түрлі болып келетін үш мұнайлы-газды аймақта орналасқан. Ең көне мұнайлы-газды аймақтардың кендері Шығыс Еуропаның шеткі ойысы болып саналады. Мұнда өндіруге тұрарлық мұнай мен газ жүздеген метрден бес мың метрге дейінгі тереңдікте жатқан шөгінділер орналасқан. Үшінші мұнайлы-газды аймақ герцин және каледон қатпарлы құрылымдарының арасынан орын алған. Шу-Сарысу аймақтарында жанғыш газдардың қоры және шағын кендері ашылды.

Маңғыстау теміржолшыларының еңбегін Отанымыз айрықша атап өтті. Ұзақ жылғы аянбай еткен еңбектері үшін ТЖКБ-ның (УЖДТ) бірқатар еңбекшілері Үкімет наградаларына ие болды. Олардың арасында Смолин Г.М. (Ленин ордені), Чаплиев А.П. (Октябрь Революциясы ордені), Кулинкин В.Г. (Халықтар Достығы ордені), Антипов А.С. (Еңбек Қызыл Ту ордені), Бобров К.А. (Құрмет Белгісі ордені), Смирнов А.П. (3 дәрежелі Еңбек Даңқы ордені), “Еңбектегі Ерлігі” және “Айрықша Еңбегі үшін” медалдарымен – Михайлова В.А., Курмаз В.И., Ноғаев Қоқымбай – және де Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет Грамотасымен марапатталды.

### **«Мұнайгазқұрылыс» ЖШС**

«Мұнайгазқұрылыс» ЖШС Маңғыстау облысындағы көптен бері келе жатқан құрылыс – монтаждау ұйымдарының бірі. 1964 жылы «Мангышлакнефтегазстрой»

тресі болып құрылған компания мұнай-газ кеніштерін кешенді жайластыруға, тұрғын үй құрылысын салуға мамандандырылды.

Компания құрамында бірнеше, оның ішінде құрылыс, механикаландырылған, т.б. басқармалар болды. Өзен кенішінің, Жаңаөзен қаласының, Бозашы жарты аралындағы мұнай өнеркәсіптерінің (Қаражамбас, Қаламқас) дамуы «Мұнайгазқұрылыс» компаниясының тікелей қатысуы арқылы жүзеге асқан болатын. 1991 жылы компания мемлекеттік концернге айналдырылды, ал 1993 жылы мұнай, газ құрылысы саласына маманданған Қазақстандағы құрылыс ұйымдарының көбісі үшін басты ұйым болып есептелетін холдингтік компанияға айналды.

1996 жылы компания акционерлік қоғам мәртебесін алды, ал 2005 жылдан бері «Мұнайгазқұрылыс» ЖШС деп аталады.

«Мұнайгазқұрылыс» ЖШС көптеген отандық және шет елдік компаниялармен сәтті жұмыстар атқарысып келеді. Оның тапсырысшыларының ішінде Аджип ККО, Норс Бузачи Оперейтинг, Қаражамбасмұнай, Қарақұдықмұнай, Қарашығанақтағы Петролеум Оперейтинг, Тенгизшевройл, ПФД Интернэшнл, т.б. көптеген компаниялар бар.

«Мұнайгазқұрылыс» ЖШС-нің басты бағыты мұнай-газ секторы, тұрба желісі және азаматтық құрылыс нысандарын салу болып табылады. Кәсіпорын көліктік тасымалдау және инжинирингтік қызметтер көрсете алады, техникалық өңдеу мен жобалық жұмыстарды атқарады, металл мен дәнекерленген жердің техникалық диагностикасын (дефектоскопия) қойып, оларға зиянсыз бақылау жүргізеді.

Кәсіпорынның арқауы 30 жылдан, тіпті одан да артық уақыт осында еңбек етіп келе жатқан ардагерлерден құралады. Олардың қатарында В. А. Коротков, В. В. Пронькина, А. Б. Хайрушев, В. В. Шевцов, Л.И. Ваншельбойм, Б. В. Филиппов, О.В. Валиахметова, В.Д. Рязанцев, Г.И. Унтилова, Н.Х. Быковалар бар.

Ал қайраткерлік орынды тәжірибелі мамандар: Д.Ч. Аленов, А.В. Савин, И.П. Пилькевич, Н.И. Нысанбаева, Р.Р. Дадашов, М.К. Ергенбаев, Ж.Д. Ерубасов, Л.В. Воробьева, Б.А. Калиев, А.Н. Выродов, В.Н. Животок, А.И. Пашенко, Б.Ж. Қуанышбеков, А.Ю. Локтионов, А.С. Мунгалов, С.Г. Пурин, И.А. Хабитуев, П.Г. Котенко, Е.С. Кульшетов, Е.А. Матохин, А.В. Джунусов, С.Т. Закенова, О.В. Белякова және басқалары алмастырғалы отыр.

«Мұнайгазқұрылыс» ЖШС-гінің ұжымын ұзақ жылдар бойы «Құрмет» орденінің, тағы да басқа КСРО мен Қазақстан Республикасының үкіметтік марапаттарының иегері Меңдіхан Ідірісұлы Ақмалиев басқарып келеді. Оның еліміз бен Маңғыстау облысының дамуына қосқан көп жылдық жемісті еңбегі қоғамнан өзінің шынайы бағасын алды. Оған «Қазақстан Республикасының жасампаз құрылысшысы» деген құрметті атақ берілді. Ол ТМД елдері мен Қазақстан Республикасындағы қоғамдық ұйымдардың құрметті атақтары мен марапаттарына бірнеше рет ие болды. Компания президенті М.І. Ақмалиев еліміздің бірнеше қоғамдық және кәсіптік ұйымдарының белсенді мүшесі. Ауқымды көзқарастар мен жоғары мәдениеттің адамы бола жүріп ол оқу, мәдени және қайырымдылық ұйымдарындағы қамқоршылар Кеңесінің де мүшесі болуға уақыт табады. Мәдениет пен спорттың дамуына елеулі ықпал етіп, қаламыз мен облысымыздың көркеюіне үлкен үлес қосып келеді.

## **“КаскорТранссервис” АҚ**

1964 жылдың 1 тамызында УС ПГМК бұйрығымен теміржол цехы ашылды. Маңғыстау түбегінің инфраструктурасы мен өндірісінің қарқынды өсумен қатар Каспий аймақтық Тау Кен Комбинаты Өндірістік Бірлестігінің (ПО “ПГМК”) темір жол цехы да дами түсті. (КССРО Орта машина құрастыру Министрлігінің 1980 жылдың 26 тамызындағы №333 бұйрығына сәйкес “КТКК” ӨБ құрамындағы Темір жол транспорты басқармасы болып (УЖДТ) аталды.

Маңғыстау түбегінен ірі мұнай кенорындары мен басқа да қазба байлықтардың ашылуы Батыс Қазақстандағы ірі аймақтық өндіріс кешенінің дамуының басы болып табылды.

Қарқынды дамып келе жатқан аймақтың құрылысына қажет материалдарды жеткізу үшін Мақат-Өзен, Гурьев-Астрахань, Бейнеу –Кунград қалалары мен поселкаларды бір – бірімен жалғайтын темір жол магистралын салу бірінші кезекте тұрды.

1960 жылы Мақат станциясымен “Ақтау” теңіз портын жалғайтын темір жол магистралы құрылысы басталды.

1961 жылдың 18 қазанын Маңғыстау темір жол дәуірінің басталуы деп санауға болады. Бұл күні тепловоз (мотовоз) ТГК-156, машинист Мырзабай Каратаевтың басқарумен қондырғылар тиелген 4 платформадан тұратын жүк составын ұзындығы 400 метр жолмен алып жүрді. Жолаушылар тасымалы басталғанға дейін жергілікті халық “Темір тұлпар” деп атаған осы тепловозбен (мотовоз) 1964 жылдың 8 қаңтарында Ақтаудың бірінші қалалық партия конференциясына Ақтөбе мен Гурьевтен келетін қонақтар жеткізілді.

Маңғыстаудың темір жолының даму тарихына енген осы тепловоз (мотовоз) ТГК-156, қазіргі кезде Ақтау қаласында біздің “КаскорТранссервис” АҚ басқармасы үйінің жанында арнайы тұғырға ескерткішке қойылған.

Сол кездегі құрылысшылардың алдында тұрған басты мәселелердің бірі – Бейнеу мен Маңғыстау арасындағы темір жол төсеу құрылысын жеделдету болатын. Шевченко қаласы құрылысына қажет шағын темір-бетон зауыттарын іске қосу үшін цемент жеткізу басталған болатын.

1963 жылы БЛКЖО ОК Каспий аймақтық темір жол құрылысын комсомолдың екпінді құрылысы деп жариялады. Бұл үндеуге КССРО-ның түкпір-түкпірінен мыңдаған жастар үн қосты, бірақ барлығы бірдей шыдай алмады. Тек шынымен де қажарлы, жігерлі жастар ғана шөлейт аймақтың қатал табиғатына шыдас беріп осында қалып, құрылысты жүргізді. Қалғандардың арасынан мықты кадрлар іріктеліп шықты, олардың еншісіне жазда ыстық аптап пен құм аралас жел, қыста дауыл мен аяз тисе де, жастық жігер бәрін жеңе білді. Су, машиналар, материалдар, тұрғын үйлер жетіспеді.

1964 жылдың 29 маусымында Мақат-Шевченко темір жолының жеті жүзінші километрінде темір жолдар түйісті, еліміздің түкпір-түкпірімен темір жол арқылы қатынас басталды, бұл деген аймақтың қарыштап өркендеуіне кең жол ашты.

### **Қаражанбас кен орны.**

Қаражанбас кен орны Бозашы түбегінің солт. – батысында, Каспий теңізінің жағасында орналасқан. Геофизикалық бағдарламалар бойынша кен орнының батыс бөлігі теңізге еніп жатуы мүмкін. Кен орнында юра (ю-I, ю-II құнарлы қабаттар)

және төменгі бор (А1, А2, Б, В, Г кұнарлы қабаттар) түзілімдерінің өндірістік мұнайлылығы дәлелденген.

Қаражанбас мұнайы қою, ауыр (0,943 т/м<sup>3</sup>), жоғарғы смолалы (24,5%-ке дейін, аз күкіртті (2%-ке дейін) болып келеді. Кұнарлы қабаттардың тереңдігі 300-500м шамасында. Қаражанбас мұнайы ванадий тотығына бай.

Мұнай өндіру тәжірибелік жұмыстары мұнай өнімін өсіру және скважиналарды күрделі жөндеу басқармасы (ҚМӘСКРБ) құрылуымен байланысты (бастығы Л.К.Қиынов, бас инж. Х.Н.Қосаев, бас геологы К.Т.Төлешов).

**1970 ж.** 30-желтоқсанда Қазақстанның ғыл.- зерт. және жобалау мұнай ин-тының ғылыми бөлімі Ақтау қ-нда жасақталды. Ин-тың алғашқы ғылыми жетекшілері: Н.В. Смольников, Л.П.Дмитриев, Ю.В.Маслянец, В.Д.Лысенко, Е.К.Огай т.б.

Кұнарлы кен қабаттарын зерттеу, олардың ерекшелігін анықтау, мұнай, газ, жер асты суларының құрамы мен қасиеттері, олардың мөлшері мен сапасын азайтпай жоғарғы сатыда мол өнім алуын шешу ин-тың негізгі ғылыми саласы болып табылды.

Институт тек Маңғыстау емес, Ақтөбе және Қызылорда обл-ның мұнай мен газ кен орындарының геологиясын, мұнай газдылығын, өнімділік қасиеттерін зерттейді.

Ин-тың жобалау филиалы Атырау қ-нда 1946 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Оның негізгі мақсаты: кен орындарының құрылысын анықтау және жобалау жұмыстарымен қамтамасыз ету.

**Қазақстанның газ өңдеу заводы.** Қазақстанның газ өңдеу заводы Жаңаөзен қ-нда 1973ж. тұрғызылды. Завод газды төменгі температуралық конденсациялық әдіспен өңдеп, сұйық көміртекті шикізаттар шығарады. Ол жылына 3400 млн м<sup>3</sup> газды өңдейді. Кейінгі жылдары Өзен, Жетібай мұнай өндіру басқармаларынан және Маңғыстау газ өндіру басқармаларынан келген газдарды өңдеп, онан 1500 млн.м<sup>3</sup> сұйық көміртекті шикізаттар дайындады. Осымен қатар заводта жыл сайын 606 мың фракцияланған сұйық көміртектері дайындалып, онан этан, пропан, суытылған газ, газдан жасалған бензин және тазартылған құрғақ газ өнімдері өндіріледі. Пропан, этан фракцияларын Ақтаудағы пластмасса заводы шикізат ретінде қолданып, этаннан төзімді полистирол материалдарын дайындайды. Этан Жаңаөзендегі заводтан Ақтаудағы пластмасса заводына дейін құбыр арқылы тасымалданады. 1991 жылдан ҚГӨЗ көмірсутегілі пропелент шығарады, ал кейбір өнім түрлерін шет елдерге сата бастады.

**Маңғыстаудың мұнай өңдеу заводы (ММӨЗ).** Мұнай өңдеу заводы Ақтау қ-ның солт. жағынан 40км қашықтықта орналасқан. Завод құрылысы 1992ж. басталды, жоспар бойынша оның 1-кезегі 1995ж., ал 2-кезегі 1998ж. іске қосылып. Завод жылына 6 млн. т Бозашы мұнайын өңдемекші болатын. Сол мөлшерде өңделген мұнайдан мынадай товарлар алынуы керек еді: мотор жанармайы (автобензин АИ-93 және автобензин АИ-76), дизель жанармайы, суытылған газ, трансформаторлық май, күкірт, отындық жанармай, металл концентраты, аммоний сульфаты, ас көмірқышқылы.

Бірақ қаржы жетіспегендіктен зауыт салынбай қалды. Оның орнына шыныпластикалық құбырлар зауыты дүниеге келді.

“Маңғыстау мұнай геофизика” өндірістік бірлестігі (ММГӨБ). ММГ өндірістік бірлестігі 1966ж. Ақтау қ-нда “Маңғышлақмұнайгеофизика” тресі болып құрылды. Оның негізгі мақсаты “Маңғыстаумұнайгаз” өндірістік бірлестігінің скважиналарын геофизикалық зерттеу жұмыстары мен қамтамасыз етіп және Маңғыстау жерінде далалық сейсмика күшімен мұнай, газ кен орындарын ашу бағытында жаңа аландар дайындау.

Өндірістік-геофизикалық жұмыстар қазылған және қазылып жатқан скважиналардың кималарын зерттеп, шегенделмеген скважиналарда олардың мұнайдылығы мен газдылығын, шегенделген скважиналарда сол шегендердің тех.сапалылығын айқындайды. Мұнай мен газ өндіріліп тұрған скважиналардың геофизикалық зерттеулері және сол пайдалану скважиналарының тех.күйін тексеріп, қадағалап отыруына мүмкіндік береді.

Бірлестікте өндірістік-геофизикалық зерттеулер үш геофизикалық жұмыстар басқармасының күшімен жүргізіледі. Оның бірі 1967ж. Жанаөзен қ-нда құрылды. Ол Өзен кен орнының скважиналарын және сол маңдағы барлау алаңдарындағы скважиналарды зерттейді. 2-геофизикалық басқарма Маңғыстау ст-нда 1968ж. құрылып. Жетібай, Қаламқас, Қаражанбас және т.б. кен орындарында жүргізілетін барлау скважиналарында геофизикалық жұмыстар жүргізсе, 3-басқарма Қызыорда қ-нда 1988 ж. ұйымдасып, Құмкөл кен орнының геофизикалық жұмыстарын жүргізеді.

1983 жылдан бастап республика бойынша бірінші болып Қаражанбас, Қаламқас кен орындарының скважиналарындағы кималардың зерттеу жұмысы цифрлық тіркеулер арқылы жасалды да, сол кен орындарынан радиорелелік байланыс арқылы Ақтау қ-нда автоматты станцияларға өндеуге жіберіп отырады.

Далалық сейсмикалық зерттеулер 1971 жылдан бастап жалпы терең нүктелік әдісімен, ал 1975 жылдан барлық сейсмикалық материалдар электрондық есептеу машиналарымен өңделеді.

Бірлестіктің алғашқы басшылары Н.П.Левин, В.С.Асмолов, В.В.Козмодемьянский болса, одан кейін Н.И.Вагапов, В.А.Буланова, З.М.Абзалов, И.А.Хафизов, В.А.Панков, А.Н.Бижанов, Б.К.Темірбаев, К.М.Снарский, П.Е.Корсун сияқты мамандар геофизикалық жұмыстарды жалғастыруда.

“Маңғыстаумұнайгаз” өндірістік бірлестігі мұнай-газ барлау жұмыстарын төрт бағытта жүргізеді: 1.Оңт.Маңғыстау ойпатының батысы; 2.Оңт.Маңғыстау ойпатының солт. бүйірі; 3.Жазғұрлы ойы; 4. Басқа бағыттар (Бозашы дөңі, Прикаспий ойпатының оңтүстігі).

Қазірде жүріп жатқан барлау жұмыстарының нәтижесі ғыл.ин-ттардың болжамы бойынша бірінші бағытта, яғни Оңт.Маңғыстаудың батасында триас қабаттарында мұнай кен орындары табылмақ. Оңт. Маңғыстау ойпатының Солт.бүйірінде мұнай мен газ кен орындары юра мен триас құрылымдарынан ізделуде. Жазғұрлы ойында құнарлы юра, триас көн қабаттары теренде кездеседі. Болжам бойынша бұл өлкеден газ көздерінің мол болуы дәлелдеген.

Прикаспий ойпатының Оңт-нде палеозой қабаттарынан газ бен мұнай кен орындарының ашылуына байланысты бұл да болашағы зор өлке болып саналады.

Маңғыстау барлаушылары, орташа немесе ірі кен орындарының ашылуын Бозашы дөңінің теңіз бөлігінен күтуде. Бозашы дөңінің теңіз бөлігінде судың

тереңдігі 2-4 м-ден аспайды. Осы тереңдіктерде Бозашының солт. жағында сейсмикалық жұмыстар жүргізілуде.

“Маңғыстаумұнайгаз” акционерлік қоғамы кейінгі жылдары шетелдік фирмаларымен қарым-қатынас жасауға ерекше мән беруде. Ондағы мақсат мұнай мен газ өндірудің шетелдік озық технологиясын және олардың инвестицияларын (қаражаттарын) кенорындарына молынан пайдалану.

#### **«Өзенмұнайгаз» ӨФ туралы мағлұмат**

1964 жылдың 1 шілдесінде Батыс Қазақстан Совнархозының 14.05.64ж № 141 2М 2 шешімі бойынша «Мангышлакнефть» бірлестігі жанынан «Узень» мұнай басқармасы құрылды. Басқарма басшысы болып Рахмет Өтесінұлы Өтесінов тағайындалса, ұжымның бас инженері болып Александр Алексеевич Дергачев тағайындалды.

«Өзен» кен орны 1961 ашылып игеру жұмыстары 1965 жылдан бастап жүргізіліп келеді.

1966 жылдың 10 шілдесінде «Өзен» кен орнында алғашқы рет миллион тонна мұнай өндірілді.

Маңғыстау өңіріне тиімді деп «Өзен» кен орнында мұнай-газ өндірудің компрессорсыз газлифтік әдісі қолданылды.

Мұнай өндірісі министірлігінің 1970 жылдың 4 тамыздағы № 405 бұйрығына сәйкес «Өзен» басқармасы КПСС-тың XXIII съездінің атына «Узеньнефть» мұнай газ өндіруші басқармасы болып, «Мангышлакнефть» бірлестігінің құрамына енгізілді.

1971 жылдың ақпанында СССР Жоғарғы Кеңес Президиумының ұйғарымымен «Узеньнефть» басқармасы сегізінші бесжылдықтың жоспарын жақсы көрсеткішпен орындағаны үшін Еңбек қызыл ту орденімен марапатталды.

1979 жылы жаңа технологияларды пайдалану нәтижесінде, 1980 жылы мұнайдың 150- миллионныңшы тоннасы өндірілді.

1983 жылы «Өзен» кен орны толықтай дерлік жер асты қойнауларына ыссы су айдау тәсіліне ауыстырылды. Тәуліктік ыссы су айдау көрсеткіші 150 мың.м.куб/с. жетті.

1985 жылы 30 тамыз күні «Өзен» кен орнын игеру басталғаннан, бергі 200-миллионныншы тоннасы өндірілді.

1986 жылы «Өзен» кен орны циклдық айдау тәсілін енгізді. Бұл тәсіл арқылы қосымша 10 мың тонна мұнай өндіруге қол жеткізді.

1994 жылдың 16 қарашасында ҚР мұнай және газ өндірісі министірлігінің № 24 бұйрығына сәйкес «Узеньнефть» мұнайгаз өндіру басқармасы қаржылай жағдайын жақсарту және өндірісті жедел басқару мақсатында «Өзенмұнайгаз» өндірістік бірлестігі болып ауыстырылды. «Өзенмұнайгаз» бірлестігінің құрамына Жанаөзен қаласындағы 24 өндірістік басқарма енгізілді. Бірлестіктің бас директоры болып Жанғазиев Жақсылық Смағұлұлы тағайындалды. Бас инженер қызметіне Құрбанбаев Мұрат Ізбергенұлы тағайындалды.

1996 жылдың сәуір айында «Өзенмұнайгаз» Өндірістік Бірлестігі «Өзенмұнайгаз» АҚ болып жаңғыртылды. Мемлекеттік мүлік комиссиясының ұйғарымымен «Өзенмұнайгаз» АҚ жобасын құруға арнайы топ жасақталды.



2004 жылы 20 сәуірде ҚР Әділет Министірлігінің «Филиалды заңды тұлғаға тіркеу» қаулысына сәйкес № 1026-1943-Ф-Л тіркеу номеріне сәйкес «ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ «Өзенмұнайгаз» Өндірістік Филиалы пайда болды.

### ***Ай-жұлдыз атауларын ауа райымен байланыстыра айтылатын Маңғыстауға тән тұжырымдамалар мен сілтемелер.***

...Бір ғажабы қазіргі қолданыстағы қаңтардан басталып, желтоқсанмен аяқталатын қазақша жыл он екі ай – жұлдыз атаулары байырғы Маңғыстаулықтарға тән емес. Олардың қазан төңкерісіне дейін (1917ж.) қанына сіңген, санасына орныққан ай-жұлдыз атаулары дәлуден басталып, жедімен аяқталады. Тағы бір ерекшелігі осы атаулардың сөз саптауы, шығу төркіні оңтүстік-шығыс араб, парсы елдерін мегзейді. Оның өзі қазақтар оның ішінде Адай ұлысы бұл аймақты YIII-XI ғасырлардан бастап мекен еткен-ау деген ұғымға еріксіз жетелейді.

Сондай-ақ Маңғыстаулықтардың ай-жұлдыз атауларымен бұлайша оқшаулануын Яссауилік, Ислам дінін насихаттаушы қожа-молда, әулие-машайықтар дүрмегінің осы киелі түбекке шоғырлануынан ба деп те қаласың. Қалай дегенде де бұл аймақтың халқымен оған шектес жатқан батыстықтар да ай-жұлдыз атауларын сол баяғы байырғы тілде айтылуымен атап кеткен.

Алайда, 1917 жылғы Қазан төңкерісі бұл қалыпты жайды түбірімен өзгертті. Жедіміз – декабрь, дәлуіміз – январь, үтіміз – февраль болып жаңа атауларға ие болды. Ал бұрынғы атаулары жыл өткен сайын ұмыт бола бастады. Тағы бір есте ұсталатын тұсы бұрынғы ай-жұлдыздың туысын есепке алуымыз орысша атауынан 13 күн кейін жүретін болып шыққан, дәлірек айтқанда январьдың он төрті, дәлудің бірі. Немесе, марттың он төрті наурыздың бір жаңасы. Осы күн «амал» – (хамал) Маңғыстаулықтар үшін жыл басы. Жаппай көрісу күні. Үлкенге сыбаға апарып, сый көрсету, кішіге ізет білдіру; көкірек, көңілдегі ескі жылдан келе жатқан «ағайын ащы, мал тұщы» дегендей, алакөздіктің барлығын ұмытып кешірім ету; жаңа жылда жаңару; наурыз көже ішіп, соғымнан сақталған сүрден ауыз тиіп, емін-еркін мерекелеу күні болып қалыптасқан.

...Қазақ Совет Энциклопедиясында (1976, 8,286 б) Григорян календары ескіше 9-наурыз, жаңаша 21-22-сіне қараған түнді күн мен түннің теңесуіне сәйкестендіреді. Қазақ календары да сол қағидамен үндесіп, наурызды күн мен түннің теңесу сәтінен басталатын ай аты жыл басы, жаңа жыл деп тұжырымдаған. Ал Маңғыстаулықтар болса ілгері-кейін қай заманда да ол күнді күтпей-ақ одан сегіз күн бұрын айдың 14 жұлдызын «амалды» жыл басы деп таныған.

Бұл оқшаулану, ерекшелену емес, керісінше бір аумақтық елдің қалыптасқан әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, інжу-маржандай ата-баба аманаты, ұрпақ сабақтастығы. Жыл басы Наурызда жаппай көрісу де Маңғыстаудың байырғы тұрғындары үшін қалыптасқан қағида. Бұл әдет-ғұрып басқа жерде жоқ десе де болғандай. 1-наурыз (14.03.) көрісу қарсаңында байырғы халық сол тұсқа наурыз айының тууын да күтетін болған.

Егемендік алған ендігі жерде ата дәстүрі, ауа-райы мен ай-жұлдыз аттарына байланысты аңыздай болып осы заманға жеткен тұжырымдамалар мен сілтеме сөздіктерді көкейге ұялатып, санаға қайталай оралту үшін төмендегі ай-жұлдыз атауларын салыстыра қараған тиімдірек.

## **Бағзы тайпалар**

Көне мұралар мен тарихи деректерге қарағанда, Маңғыстау жерінде бірқатар тайпалар болған. Солардың бірі – сактар – біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдықтың орта шеніне Шығыс Каспий мен Арал теңізінің арасындағы мол сулы тау бұлақтарын, өзеннің жайылма тоғайлықтарын, Амудария мен Сырдарияның көгал алабын қоныс еткен ежелгі көшпелілер.

Парсы және грек жазбаларына көз салсақ, Каспий жағалауымен Арал маңын шошақ бөрікті сактар мен каспилер мекендеген. Біздің дәуірімізге дейінгі VII-IV ғасырларда осы жерді мекендеген сактарды ертедегі грек тарихшысы һәм географы Страбон «азиялық скифтер» деп атаған.

Осы скиф-сактарға тұрмыстық-шаруашылық жағынан өте жақын Каспий жағалауын, Маңғыстау өлкесін мекендеген каспилер біздің дәуірімізге дейінгі VII-IV ғасырларда қазіргі Түрікменстанның батысынан Жем бойына дейін қоныс тепкен. С.В.Юшко «Ежелгі албандықтардың шекарасы жайлы» деген мақаласында («Тарихи жазбалар», 1937 ж. № 1) VIII-IX ғасырларға дейін каспилердің Шығыс Каспий жерінде болғанын ұзақ заман сол территорияны мекендеген тайпаның есімі теңізге атау болып қалғанын жазды. Бірақ ғалым каспи тайпасының тарихы, салты, мәдениеті қандай еді, оның түп төркіні кім, үрім-бұтағы қайда, қай халықтарға сіңісіп кетті деген сұрақтарға толық жауап бермесе де, сол каспиліктер скиф-сактардың бір бұтағы болуы ықтимал дейді.

Біздің дәуірдің 568 жылында түрік қағаны (ханы) Истемиде (Дизабул) болған Шығыс Римнің екі елшісі Валенттин мен Земарх өзенің императоры Юстиниан екіншіге ресми мәлімдемесінде «Бұл ел бұрын өздерін сак деп атаушы еді, енді түрік деп атайтын болды» деген.

## **Ғайып болған шаһарлар мен қамалдар**

Каспийдің табиғи өзгерістері ертеден-ақ белгілі. Иран жазушысы Наджати 1374 жылы Каспийдің оңтүстік жағалауындағы Абаскун портының теңіз астына батып кеткенін айтса, 1320 жылы географ Марино Сануто өзі жасаған Каспий теңізі картасының бір шетіне: «Теңіз жылына бес елі көтерілуде.Талай тамаша қалалар теңіз астына келіп жатыр», - деп жазды.азербайжан географы және жазушысы Абдал Рашид Бакуби 1400 жылы Каспий жағасындағы ертедегі Баку қамалының ескі мұнарысы жартысына дейін суға батып түр десе, одан 560 жыл өткенде, ол ескі мұнара теңізден 150 метр қашық тұрған.Ғылыми зерттеулерге қарағанда, соңғы отыз жылдың өзінде Каспий деңгейі екі жарым метр төмендеген, сол XIII ғасырдағы теңіздің мөлшеріне қайтадан жету үшін Каспий әлі 30 жылды басынан өткізіп, тағы да екі жарым метр тайыздаук керек.(Гюль К.К. проблема Каспия, Москва,1959).

Каспий жағасындағы көп өзгерістер кепілінің бірі – қазіргі Форт Шевченко қаласы іргесіндегі Қызылкөл.Т.Шевченконың 1853 жылы «Новопетровск шығанағындағы» деп аталған суретінде Қызылкөлдегі қанаған еңбек, тізіліп тұрған балықшылар қайығы мен түтіні будақтаған пароход бейнеленсе,1856 жылдан бастап Қызылкөл теңізден бөлініп қалған.

1850 жылы Орынбордан айдалып келген Т.Шевченко жеңіл қайықпен буырқанып жатқан бұғаздан өткен еді, қазір сол бұғаз суы әлдеқайда төмен кеткен.Сол жерге Аташ деп аталатын 5 мың халқы бар поселка орналасқан.

\*\*\*\*\*

Шерқала Ақмыш тауының солтүстік бауырында жапсарлай салынған. Алыстан қарағанда мая түйенің өркешіне ұқсас, төңкерілген қазандай. Үстіне шығатын жол жоқ. Елу метрдей биіктігі бар, оңтүстік батысқа қарай бүктеліп атылғалы жатқан арыстан іспеттес пирамида. Осы таудың солтүстік етегінен Шерқаланың әскери бекінісі орнаған. Қамалдың тау жақ беткейіне екі жағына екі бастион мен қосымша қорған тұрғызған. Қамал қабырғалары табиғи тау тасы мен күйдірілген қызыл кірпіштен қаланған. Шығыс бетіндегі бастионнан шатқалдың түбіндегі туннельге жол тартылған. Туннель кісі еңбектеп жүргендей, тауды ойып, үңгіп жасалған. Туннель 5 м етр жоғарылаған соң, екі бағытқа екі тарау болып, тау үстінен шығады. Таудың басқа жерінде жоғары шығатын жол жоқ. Сондықтан қорғанушыларға азық-түлік жеткізетін, қарауыл қарайтындардың шығатын жолы осы. Қамалдың ұзындығы 300 метр, бірнеше жүз әскер ат-көлігімен смярлықтай. Қамал үстінде шың бауырында торғайдың ұясына ұқсас екі-үш адамдық іші өртелген орын бар. Осы ұяларда адайдың, түрікменнің абдал руының жарты ай немесе орақ, қазаяқ таңбалары бар. Бұл ұялар күзетшілерге һәм жеке садақшыларға арналған сияқты.

Шерқалада үй құрлысы жоқ, соған қарағанда, ол қасындағы Қызылқала тыныштығын қорғаған қамал болса керек. Қызылқала тауы тегіс жерге табиғат қоя салған ерекше шоқы, солтүстік Ақтаудың бір бөлігі. Пирамида сияқты осы таудың үсті бар. Көп әскер ұстауға, отыруға қолайсыз. Күн батыс іргесінен ақшыл бұлақ ағып жатады. Оны халық ерте кезден (ескі түркі тілінің «мыш» сөзін қолданып) Ақшыл бұлақ, болмаса Ақмыш атаған. Ақмыш – Орталық Қаратаудан солтүстікке қарай ағып жатқан қос бұлақ. Оның қосылар жері сүйір бұрыш сипатында, сол тұмсық үстінде Қызылқала салынған.

Қызылқала – ежелгі сауда сарайы, айналасы 800 метрдей, төрт бұрышты. Қабырғаларының сыртқы мықты сом тастардан, іші күйдірген кірпіштен қаланған. Соған қарап, халық Қызылқала деген атау берген.

\*\*\*\*\*

Маңқыстау – қазыналы түбек. Қойнауындағы мұнай мұхитымен бүгін Маңғыстау аты әлемге аян.

Маңқыстау байлығы айдын теңіз толқындарын тілген танкерлермен, болат жол бойымен зырланған эшелондармен, сондай-ақ мұнай құбырымен толассыз ағындап, Отан игілігіне айнала бастады. « ...Ендігі жерде Маңқыстау Одақтың аса маңызды мұнайлы аудандарының қатарында болмақ».

Маңқыстау қазынасы қалай табылды. Жер асты қабаттарының геологиялық, геофизикалық сыр-сипаттары нендей? Осыларды әңгімелейік. Мұны білмейінше Маңқыстау қазынасы хақында толық мағлұмат алу мүмкін емес.

Мұнай өнеркәсібі – социалистік ауыр индустрияның көрнекті бір саласы. Соңғы жылдарда еліміздің қара алтын өндіру жедел қарқынымен дамып келеді. Мұнай мен газ өнеркәсібінің тез өсуі еліміздің экономикалық өркендеуіне де елеулі ықпал етеді, себебі, мұнай мен газдың халық шаруашылығы саласында араласпайтын жері кемде-кем. Сондықтан да өкімет пен партия совет мұнайшылары алдына барлау әдістерін жетілдіре отырып, мұнай қоры мол, көлемді алаңдарды халық игілігіне айналдару міндетін қойып отыр.

Газ өнеркәсібін өркендету еліміздің қалалары мен поселкелерін, совхоздары мен колхоздарын газбен қамтамасыз етуге мол мүмкіндік туғызып отыр. Әрі таза, әрі қутты көгілдір отынды пайдалану еңбек адамдардың қолын ұзартып, елді мекендердің санитарлық-гигиеналық жағдайын жақсартуға түсуде. Қазір Қазақстанның 78 қаласында, жүзге жуық қала типіндегі поселкелерге және 2 мыңнан астам ауылдық елді мекендерде газ халық игілігіне айналды. Республика совхоздары мен колхоздарында 615 мың пәтерде, 400-ден астам жұмысшы асханасы мен балалар бақшасында көгілдір отын пайдаланылады. Міне, сондықтан біз осындай ерекше бағалы қазына – мұнай мен газдың табиғаты, олардың қасиеттері жайлы айта кеткеніміз жөн.

Мұнай – парсы тіліндегі «нафта», яғни жер астынан сызаттан шығатын сұйық деген ұғымнан алынған. Оған мұнайдың көп ретте борпылдақ бос жер саңлауларынан сызаттап шығып жатуы да себеп болса керек. Мұнай – құрамында көмірлі сутегі, оттегі, күкірт, азот және органикалық қосылыстары бар күрделі зат. Осыған қоса мұнайдың нышан белгілері ретінде азот, көмірқышқыл газы, күкіртті сутегілер араласқан көмірлі сутегін, аз мөлшерде кездесетін аргон және гелий сияқты инертті газдарды атауға болады. Мұнай мен газ құрамында көмірлі сутегі көп, олар әр қилы өзгерістерге ұшырай береді. Бұл мұнай мен газды жоғары калориялы арзан отын және аса бағалы химиялық шикізат ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Мұнай мен газды өндіру әрі экономикалық жағынан тиімді. Оларды алыс аймаққа құбырлар жүйесімен апаруға болады. Демек, мұнай мен газды тасымалдау бірнеше есе арзанға түседі.

Мұнай мен газ табиғатта қандай жерлерде кездеседі? Органикалық заттары бар теңіз түбіндегі батпақ тұнбаларда мұнай кездеседі деген пікірлер көптен-ақ белгілі. Әрине, мұнай, газ қорларының теңізді-аймақтарда байланыстыруы тегін емес. Әдетте, табиғатты газ суда, не мұнайда ұшырасады. Мұнай қорымен бірге табылып, өндірілетін газ ілеспе газ деп аталады. Жер қабаттарындағы газдың еру шарттары өзгерген кезде газ көпіршіктер күйінде бөлініп, мөлшері көп болған жағдайда жинақталып газ қабаты құрылуы мүмкін.

Табиғи газ қорларының түзілуі, ғылыми зерттеулерге қарағанда, жылдар бойы жүретін құбылыс. Табиғи газ – саз балшықты жерде, теңіз тұнбасында, көмір шахталарында кездеседі. Бұлай болуының себептері де бар.

Мұнай мен газдың жер асты қабаттары арқылы жылжуын миграция деп атайды. Миграция көлбеу күйінде және тік-жоғары бағытта да жүреді. Жерасты қабаттарының жылжуы нәтижесінде кейде мұнай сыртқа шығады.

Кейде кен жердің бір қабатының астында ғана емес, бірнеше қабаты астында қайталап кездесуі де мүмкін. Ондай жер көп қабатты кен орны деп аталады.

Мұнай мен газ қорларының қалыптасуына жер асты үгілгіш бос жыныстардың болуы, саз балшықты, тұзды шөгінді-қақпақ қабаттың жатуы, жер асты қабаттары арасында кен қабаты қалыптасатын жағдайлардың болуы әсер етеді.

Мұнай мен газ қорын іздеу - әрі маңызды да, құрметті, әрі мұқиятты жұмыс.

Өткен ғасырдың аяқ шенінен бастап, іштен жанатын моторды ойлап тапқаннан кейін мұнай қажеттілігі арта түсті. Автомобильдер мен самолет моторы үшін неғұрлым көбірек жанармай өндіру – мұнай қорын молайта түсу қажет болды. Аңа мұнай қорларын іздеу басталды

Геолог-барлаушылар сапарға шығып, бұрын беймәлім аймақтарды кезді. Әрине, оларға үнемі табиғи мұнай көлдері кездесе берген жоқ. Сондықтан, олар өзен жағасындағы қарақоңыр дақтар мен су бетіндегі көгілдір кілегейге, не қара йірім боп қайнап жатқан су асты вулкандарына назар аударатын. Ал, олар болмаса ше? Егер ондай белгілер байқалмаған жерлерде мұнай тұз бен күкірт, не тұзды су құрамында да кездесетіні бар. Кейде жер үстінде мұнай белгілері мол болғанмен, астыңғы қабаттарында жөнді қазына болмай шығады. Жер астында мұнай мен газ қоры жақсы түзіліп, сақталу үшін қаптап жататын сазды, тұзды қабаттар болуы керек. Кей ретте, жоғары қақпақтар мықты болғанмен жер қойнауында мұнай жиналар жұмсақ жыныстар жоқ болса, ондай қойнаулар мұнайсыз болып шығады. Демек, бұл жайлар геолог-барлаушының білім, тәжірибесін сынға салады.

### **Мұнай өндірісінің даму жолдары**

Мұнай өндірісінің жедел дамытудың басты бір шарты-геологиялық іздеу-барлау жұмыстарын кеңінен өрістету, алдын ала мұнай мен газдың мол қорларын дайындау.

Өткен бесжылдықта геологиялық-геофизикалық мұнай-зерттеу-барлау жұмыстары негізінен Маңғыстау, Үстірт алқабын қамтиды. Мұнай мен газдың Маңғыстау түбегіндегі юра, мел қабаттарымен бірге тереңдігі перм-триасс қабаттарынан да көлемді мұнайлы алаңдар іздеу белгіленген.

1971-1975 жылдарда ұзындығы 300 километрлік Өзен – Бейнеу, 100 километрлік Прорва – Опорный газ құбыры магистральдарын және Амудария суын Маңғыстауға Бейнеу - Өзен су құбырымен жеткізу белгіленген. Аталған газ магистральдары іске қосылғанда, Маңғыстауда Өзен мен Жетібай скважиналарында мұнамен бірге ілесе шығып жатқан газ халық игілігіне жұмсалатын болды. Қазір күн сайын еркін жанып тұрған *3 млн текше метрдей* ілеспе газды қажетімізге жаратқанда, мемлекет қорына тәулігіне 30 мың сомдай қаржы қосылып отырады.

В.В.Бортольд, С.П.Толстов, С.Аманжолов, В.В.Востров еңбектеріне, тарихи ескерткіштерге назар салсақ, Маңғыстаудағы қазақты құраған тайпалар қыпшақ заманынан, тіпті одан бұрын да мекендегені байқалды.

А.Медоев Маңғыстау графикасы туралы мынадай ой пікірлер айтады. «Айрақты бейнелерін Маңғыстаудағы бейіт басына қойылған ескерткіштерді безендірген графикалармен салыстырып байқағанымызда, бұлардың көп жағдайда бір әдіспен, бір «мектеп», бір үлгідегі шеберлер салғанына көзіміз жетті. Олардың екеуінде де көркемдік тәсіл, әр түрлі деталдар үнемі ұқсап жатыр. Міне, осының бәрі ерте ме, кеш пе, әйтеуір тарихи әдебиеттердегі адай руы Маңғыстауға соңғы ғасырларда келді деген пікірді қайта қарауға мәжбүр ететіні сөзсіз.

Адайлардың бейнелеу өнері саласындағы әдеби мұралары, әсіресе ісмерлік қол өнері жұртшылыққа кеңінен белгілі. Ал, соның ішінде Айрақты «сурет галереясына» тең келер өнер туындысы өте сирек кездесуі мүмкін. Мұның өші көшпелілер өнерін зертеушілер алдына үлкен мәселелер қоятыны сөзсіз. Өнер зертеушілер алдында «адай шеберлері мен бейнелеушілері ең көне дәстүрлерді Хх ғасырға дейін қалайша сақтап қалған?» деген сауал тұрса керек?! Бұған жауапты адайлардың шыққан тегі мен көне тарихынан іздеген жөн. Ал мұның қазақ халқының шығу тегі мен тығыз байланысты екені анық».

\*\*\*\*\*

Түбекте терең бұрғылау 1959 жылдан басталды. Түбек төсіне алғаш бұрғы қадағандар Ембіден келген Салық Рысқалиев пен Константин Бураков бригадалары еді. Ол кезде баролау жұмысы 3 аймақта: Солтүстік Бозашы қыры мен Орталық Маңғыстаудың батыс етегінде және далалық бөлімінде жүрді. Бұл аймақтардың қай-қайсысы да ол кезде мұнайлы алап деп есептелді. Бірақ, Қызан т. Б мекендерде жүргізілген барлау нәтижесі ол үмітті ақтамады. Ал, Түбіжік жерінен мұнай қоймасы табылды. Бірақ, Түбіжік мұнайы өте қою, ауыр жақын жылдарда игеру қажеттігі шамалы мұнай болып шықты. 1961 жылы Жетібай, Өзен жерінен мұнай мен газдың мол қоры табылды. 1961 жылы 5 июль күні Жетібайда № 6 скважинадан 2400 метр тереңдіктен мұнай фонтаны атқылады. Бұл - осы аймақтың Одақтық маңызы бар ірі мұнай, газ қоймасы екендігін әйгіледі. Мұның өзі Оңтүстік Маңғыстауда жаңа мұнай көздерін барлау жұмыстарын неғұрлым ұлғайта түсудің қажет екендігін көрсетті. 1961 жылы 10,9 мың метр жер бұрғыланса, 1965 жылға дейін мұнайшылардың болат бұрғысы жер қойнауына 91,256 мың метр сүнгіді. Бұл істер Өзен мұнай алқабын зерттеуді жеделдетті.

1964 жылға дейін барлау жұмыстары, көбінесе, Жетібай, Өзен аймағында ғана жүргізілсе, бұл жылдан бастап, Қарамандыбас, Теңге алқабын барлап, бұрғылау ісі жүзеге асты. Барлау нәтижесінде Теңге жер қойнауынан – газ, Қарамандыбастан – мұнай қоймасы ашылды. Қазір Теңге жер қойнауының 10 қабатынан наз қоймасы табылып отыр.

1965-1966 жылдары Жетібай, Өзен алқабындағы – Тасболат, Қоқымбай; Оңтүстік – батыс алқаптағы – Дунга, Қаримарн; Оңтүстік бөлігіндегі – Қорғанбай алқаптарына терең бұрғылау жүргізілді.

Маңғыстау мұнай мүмкіндігін білуде Н.И. Андрусов, (1877-1915ж.ж) М.В. Баянурас (1911, 1917, 1923), А.Д. Архангельский (1926, 1937), С.Н. Алексейчук (1941), А.Л. Яншин (1945, 1948, 1951), И.О. Брода (1947), В.В. Мокринский (1952), С.Е. Шақабаев (1967) зерттеулерінің маңызы ерекше.

Өзбекстан мен Түрікменстан жеріне дейінгі кең амақты қамтыған түбегейлі зерттеу, әсіресе елуінші жылдарда басталды. Бұл істе ондаған ғалымдар мүнгірсіз қызмет етті, ғылыми практикалық тұжырымдар жасады. Сөйтіп, түбек аймағындағы көп жылғы зерттеу нәтижесі бұл алқаптың геологиялық сыр-сипатын білуге мүмкіндік бере алады.

Геологиялық, геофизикалық жаңа мәліметтерге сүйене отырып, соңғы жылдарда Маңғыстау, Үстірт және іргелес аймақтың жер қыртысы, ондағы болып жатқан өзгерістердің, ғылыми тілмен айтқанда, тектоникалық схемасы жасала бастады. Бұрынғы схемалардың қай-қайсы да әліде өз дәрежесінде емес еді. Аталған аймақтың геологиялық құрылысында түзіліс, перм дәуірінен басталғандығы байқалады. Бұл сыр картографиялық ізденіс, байқау, бұрғылау, геофизикалық, геоморфологиялық зерттеу әдістері негізінде жүзеге асты.

Маңғыстау Үстірт жерінде ертедегі мел, перм, триасс дәуірінің жыныстары тек Қаратау маңында ғана кездеседі. Ал, өзге алқапта олар құм, саз, кейде әк күйінде. Ол жыныстар көбінесе ала, қызыл, жасыл-сары, сұр түсте. Перм, триасс қабаттағы оңтүстік Маңғыстауда біраз жерлерден ғана табылды. Өзенде бұрғыланған (№ 113

скважина) перм-триасс дәуірінде пайда болған әртүрлі жыныстардан құралған қабаттың қалыңдығы 1300 метрден астам.

Маңғыстау, Үстірт аймағында ешқандай жерде перм-триасс қабаты түгел бұрғыланған жоқ. Солтүстік Үстіртте бұл шөгінділер біраз аймақта ғана кездеседі. Ол қабат көбінесе жер қойнауындағы терең шұңқырларды толтыра, ал биіктеу жерлердің етек жағында ғана орналасқан. Мұндай сипат Оңтүстік Маңғыстауда Жазғұрлы аймағында кездеседі.

Зерттеушілер мәліметіне қарағанда, Маңғыстау таулы алқабының перм-триасс қабатының қалыңдығы 1000-7000 метрге дейін.

\*\*\*\*\*

Қазір Маңғыстау, Үстірт аймағына жүргізілген әр түрлі геологиялық және геофизикалық зертеулер нәтижесі шыға бастады. Аймақтың көп жерінде ірі масштабтағы геологиялық жер құрылысы бедерін суретке түсірулер жүрді. Біраз алқапты геофизикалық зерттеулер қамтиды; Солтүстік Үстірт, Құланды жарты аралындағы – Құланды, Жазғұрлы батысындағы – Байрам, Қызыладыр, Үшқұдық шұңқырындағы - Ақсексеуіл тірек алқабы бұрғыланды; сондай-ақ Песчаный тұмсығы, Жаға, Жазғұрлы шығысындағы – Қорғанбай; Беке-басқұдық батысындағы – Дунга; Солтүстік Үстірт ойпатының оңтүстік батысындағы - Арыстан алқабында бұрғылау жұмысы аяқталды. Бұрғылау кезінде жер құрылысын геологиялық тектоникалық жағынан терең қабаттарды зер сала тексеру қоса жүргізілді. Соңғы он жылда жүргізілген осындай геологиялық, геофизикалық жұмыстардың нәтижесі Маңғыстау, Үстірт алқабында мұнайдың зор мүмкіндігі бар екендігін дәлелдеп отыр. Мұнда юра, мел, палеоген қабаттарында, сондай-ақ сазды қалың қатпарларда мұнай мен газдың қалың қазынасы жатқандығы айқындалды.

\*\*\*\*\*

Маңғыстау мен Үстірттің геологиялық құрылысын және мұнай байлығын зертеуде Москва, Ленинград, Баку, Куйбышев және республика ғылыми-зертеу институттары, Қазақ ССР Геология Министрлігі мен «Мангышлакнефть» мұнай бірлестігінің өндірістік ұйымдары қыруар еңбек етті. Соның нәтижесінде Оңтүстік Маңғыстауда Жетібай, Өзен мұнай қоймасы ашылды.

Қазір Маңғыстау Үстірт аймағының жер құрылысын зерттеуге зор шабуыл басталды. Бұл мекенде қандай болмасын зертеудің бір түрі жүргізілмеген алап кемде-кем. Зерттеу ісінде техникалық әдістер кеңінен қолданылуда. Қазір Солтүстік Үстірт, Құланды Песчаный тұмсығы, Жаға, Дунга алқаптарының сыр-сипаты белгілі бола бастады. Орталық, Оңтүстік Маңғыстау ойпатындағы Байрам-Қызыладыр алабы перм-триасс қабатына дейін, сол алқаптағы Қорғанбай алқабының юра қабаттарының бірқатар бөлімдері бұрғыланды. Үшқұдық ойындағы Ақсексеуілде – перм-триасс қабаттарына, Солтүстік Үстірт ойпатындағы Арыстан мекенінде – мезо-кайнезой қабатынан перм-триасс қабатына жетті. Терең бұрғылаудың мұндай жүйесіне қоса сейсмикалық, сейсмологиялық зерттеулер жүргізілді.

Маңғыстау, Үстірт алқабындағы зерттеулер нәтижесі сол алқапта жер құрылысын, оның құрамын, онда болып жатқан процестерді, мұнайлы алқапты

анықтауға мүмкіндік берді. Мұндай қорытындылар жаңа мұнай, газ алаңдарын іздестіре түсуге негіз болды. 1968 жылы Солтүстік Үстірт ойпаиының оңтүстік батыс қапталындағы Арыстан алаңына (2 скважинадан) тәулігіне 70-80 тонна мұнай беретін қазына көзі ашылған. Бұл табыс – Солтүстік Үстіртте өндірістік мұнай алаңдары мол екендігін байқатты.

\*\*\*\*\*

Маңғыстау, Үстірт аймағында мұнай мен газ қорын іздеу, зерттеу ісі келешекте кең өріс алмақ. Осы бесжылдықта да палеоген мел,юра қабаттарынан мұнай, газ көздері іздестіріле бермек. Бұл күндері зерттеушілер Оңтүстік Маңғыстау мен Оңтүстік Үстірт айсағына ерекше назар аударып отыр. Оңтүстік Маңғыстауда барлау, терең бұрғылау, әсіресе оңтүстік және шығыс аудандарында жүргізілді. Кендірлі, Ақсу, Қансу т.б. бірқатар алқаптарда сәейсмейкалық барлау жұмыстарын аяқтап, бұрғылауға ауысады. Зор үміт күттіретін бұл алқапта 2000 метрден, 4500-5000 метрге дейін бұрғылау жұмысы жүреді. Оңтүстік Үстіртте геологиялық-геофизикалық жұмыстар үдей түсті. Мұнда перм-триасс, мезо-кайнезой қабаттарындағы газ бен мұнай қорын анықтау мақсат қойылып отыр. Мұндай зертеулер Солтүстік Үстіртте де жүрмек. Онда 4000-5000 метр тіпті одан да тереңірек қабаттар бұрғыланбақ.

Демек, Маңғыстау, Үстірт аймағында мұнай, газ алаңдарын іздеу, зерттеу ісі толастамайды. Әрине, бұл аймақтағы мұнай мен газ байлығын түгел барлап, ашу үшін бірқатар жылдар керек. Әйтсе де, өскелең техника жетістігін кең қолдана зертеу әдістерін жетілдіре отырып, түбек қазынасын игеруді тездету көзделіп отыр.

### **Байлық бұлақтары**

Маңғыстау қойнауы толы байлық. Мұнда мұнай мен газдан өзге де қазба байлықтар көп.

Бағзы бір дәуірлерде осы жерді кентті (қалалы) болыпты, темір қорытыпты дейтін деректер шындыққа айналды. Маңғыстаудың таулы аймағынан, әсіресе Қаратау жоталарынан темір кені белгілері табылды. Зерттеушілер мұны екі түрге бөледі. Қаратау темірінің юра дәуірінің сазды қабаттарындағы түрінен гөрі орта триасс дәуіріне тән көп қабатты түзілісінің өндірістік мәні бар. Темір кені белгілері Қаратау бойында Теміртаушық, Шұқыр, Азасу, Доллаппа алқабынан кездеседі.

Бұлардың ішінде кен қоры молырағы Бескемпір мен Теміртаушық алқабы. Бескемпір кен орны Шетпе темір жол станциясының шығысында жатыр. И.П.Новохатский, А.Г.Каримов зерттеулеріне қарағанда, Бескемпір темір рудасы 300 метрге дейінгі тереңдіктен кездеседі. Ал, Теміртаушық кен орны Таушықтың солтүстік-шығыс жотасында. Маңғыстау таулы алқабындағы темір рудасының қоры едәуір. Бірақ, мұны әзір технологиялық жағынан ешкім зерттей қойған жоқ.

Маңғыстаудағы марганец кенін жергілікті қазақтар ертеден біледі. Олар жауын, қар суымен езіліп, жер бетіндегі жыныстар арасында еріп, ағып жатады, халық қарадалапты (марганец) әр қилы шаруашылық қажеттеріне жарата білген. Бұл аймақтағы бірден-бір марганец кен орны Шетпе темір жол станциясы маңында. Кен орнын 1907 жылы Н.И.Андрусов ашқан. 1918 жылы Е.В.Круг зерттеп, өндірістік маңызы шамалы деген баға береді. 1942 жылы (Головачев Ф.А), 1950-1955 жылдардағы И.И.Глатков, Л.Б.Мнушкин, В.В.Пономарев) зерттеулерге қарағанда,



бұл кеннің қоры мол болғанмен сапасы онша емес. Әрі өндіру әдісі қиын, қымбатқа түсетін болғандықтан түбек марганецін әзір өндіріс қажетіне жарата қойған жоқ.

Маңғыстаудың Қаратау аймағында жез кені, сондай-ақ бірнеше километрді алып жатқан перспективалы мыс кенді қабаттар табылды.

### **Маңғыстаудағы көмір өндірісі**

Түбек қазба байлықтарының бірі – көмір. 1914 жылы «Кавказ және Меркурий» кеме қоғамы Маңғыстаудан 150 километрге созылған көмір қорын тапты. Бірақ, Октябрь революциясына дейін патша пайда қорлары түбек көміріне қызыға қарағанмен, мешеу техникамен ештеңе өндіре алмады. Бұл аймақ Октябрьден кейін ғана зерттеле бастады. Бірақ, көмір қоры әлі толық тексеруден өткен жоқ. Бақылау, барлау жұмыстары өткен – Қаратау бойының 120 шақырымға созылатын юра қабаттары. Мұнда 22 кен орны ғана анықталған. 1935-1939 жылдарда бірден-бір игеруге қолайлы орын Қызылқаспақ – Айыржал көмір кені деп есептелген. Себебі бұл жер теңізге таяу тасымалға тиімді болатын. Сартас пристаны кен орнынан 30 километрдей жерде ғана еді. Қарабұғаз химия өнеркәсіпорындары 1937 жылдан бастап барлау жұмыстарын жүргізіп, шахта орындары дайындап, (1939) көмір өндіре бастады. 1940 жылы - 9,2 мың тонна өндірсе, 1945 жылы көмір өндіру 35 мың тоннаға дейін жетті. Маңғыстау шахталарынан көмір 1947 жылға дейін ғана өндірілді.

Түбек қойнауында біраз көмір байлығы бар. Өндіру, тасымалдау жұмыстарын атқаруға қазір мүмкіндік мол. Темір жол торабы Қаратау жоталары арқылы өтеді. Бұл жағдайлар Маңғыстау көмір қазынасына таяу уақытта назар аударуды қажет етуде.

### **Маңғыстаудағы тас өндірісі**

Маңғыстау жерінде құрылыстың ең қажетті материалы тас көп өндіріледі. Бұл мекендегі тастың түрі де, сапасы да тамаша. Ақ, ақсары, қызғылт түстес келетін тасты қабаттар әкпен қиыршықтардан, теңіз жануарлары қабыршақтарынан құралған. Бұл әрі берік, әрі әлемі тасты қазақтар ерте кезде пайдаланған. Себебі бұл байлық бірқатар мекенде жер бетін түгел жауып жатады. Кейбір тау жоталары түгелдей осы тастан түзілген. Ерте дәуір адамдарынан бастап Маңғыстауды мекендеген арғы-бергі тайпалар мен халық ісімерлері сол ақ тасты тау жоталарын қашап әркілі ғажап ғимараттар жасаған, ою өрнектер салған, жазулар жазған. Қол арамен кесіп, мазарлар, баспаналар тұрғызған.

Совет дәуірінде осы тамаша құрылыс материалы техника күшімен өндірілетін болды. Маңғыстауда тас өндіруге болатын 11 алқап бар. Олардың ішінде Маңғыстау, Бейнеу, Жетібай, Өзен, Ералиев өндірісі жылына 100 мың текше метрге дейін тас өндіре алады.

### Пайдаланған әдебиеттер:

1. А.Ш.Бектурова, Ш.К.Бектуров. «Қазақ тілінің грамматикасы». Алматы, «Атамұра», 2004.
2. А.Ш.Бектурова, Ш.К.Бектуров. «Қазақ тілі. Ана тілі деңгейінде үйрету құралы». Алматы, «Әділет» ЖҚМ, 1998.
3. Ш.К.Бектуров. «Қазақ тілі. Лексика. Фонетика. Морфология. Синтаксис». Алматы, «Атамұра», 2006.
4. Ш.К.Бектуров, К.А.Раисова. «Читаем газеты на казахском языке» учебное пособие. Алматы, ТОО «ИД-Эврика», 2003.
5. Ж.Н.Нығмет. «Қазақ тілі хрестоматиясы» оқу құралы. Алматы, «Білім», 2003.
6. Н.Оралбай, К.А.Құрманәлиев. «Қазақ тілі». Алматы, «Арыс», 2007.
7. Р.Әдісханова. «Жалғастырушы топтарға арналған оқу құралы». Алматы, 2000.
8. М.Ә.Қараев. «Қазақ тілі. Фонетика. Лексикология. Морфология. Синтаксис». Алматы, «Ана тілі», 1993.
9. Әжемнің ертегілері. Қазақ ертегілерлерінің антологиясы. Алматы, Аруна. – 2005
10. К.Сариева. «Қазақ тілі. Оқыңыз, жаттығыңыз». Алматы, «Білім», 1997.
11. А.А.Аймуханова. «Бастауыш топтарға арналған қазақ тілінің грамматикасы». Оқу құралы. Ақтау, 2007.
12. А.С.Бүркітбаева. «Бастауыш топтарға қазақ тілін меңгерту» Педагогикалық мамандықтағы бастауыш топ студенттеріне арналған «Практикалық қазақ тілі» пәні бойынша оқу-әдістемелік нұсқау. Ақтау, 2008.
13. Ш.С.Әбішева. «Сөз таптары». Орыс бөлімдеріне арналған көмекші құрал. Алматы, 2004.
14. Ә.Т.Жеткізгенова. «Жалғастырушы топ студенттеріне өз бетімен орындауға берілетін тапсырмалар жинағы». Әдістемелік көмекші құрал. Алматы, 2008.

Пішімі 60x84 1/12  
Көлемі 59 бет, 5 шартты баспа табағы  
Таралымы 20 дана.  
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ  
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.  
Ақтау қаласы, 27 ш/а.